



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

**АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ
АГЕНТТІГІНІҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ
СТАНДАРТТАРЫ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС
«СЫРДАРІЯ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАКАЛАВРИАТ
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АККРЕДИТТЕУГЕ
АРНАЛҒАН ЕСЕБІ**

5B010600-«Музыкалық білім»

5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу»

5B012000-«Кәсіптік оқыту»

5B042100-«Дизайн»

Жетісай 2016

МАЗМҰНЫ

1. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ.....	3
СТАНДАРТ «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ»	4
СТАНДАРТ «БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ»	11
СТАНДАРТ «СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒЫН ОҚУ, ОҚЫТУ, ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУ»	19
СТАНДАРТ «БІЛІМ АЛУШЫЛАР»	22
СТАНДАРТ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ	25
СТАНДАРТ «БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ»	29
СТАНДАРТ «АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ»	34
СТАНДАРТ «КӨПШІЛІКТІ ҚАБАРДАР ЕТУ»	36
СТАНДАРТ «ЖЕКЕЛЕНГЕН МАМАНДЫҚТАР ШЕҢБЕРІНДЕГІ СТАНДАРТТАР»	39
ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНА ҰСЫНЫСТАР	43
ПАРАМЕТРЫ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННОГО ПРОФИЛЯ	44

Аккредиттеу және рейтингтің
тәуелсіз агенттігі

1. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

ҚР білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің 1998 жылы 27 шілдеде №403 бұйрығына сәйкес «Сырдария» университеті ашылып күндізгі оқу бөлімінде 9 мамандық бойынша білім бері қызметін атқаруға БМ № 0000365 сериялы мемлекеттік лицензия берілді. 2011 жылы университет мемлекеттік аттестациядан өтті. Бүгінгі таңда университетке 28.09.2010 жылы берілген АБ № 0137474 мемлекеттік лицензияға сай бакалавриаттың 22 мамандығы және магистратураның 8 мамандығы бойынша білім беріп мамандар дайындайды.

ҚР білім беру саласының 2011-2020 жж. мемлекеттік даму бағдарламасында анықталған жоғары оқу орындарының негізгі мақсаттары, міндеттері, бағыттары және даму индикаторлары университеттің даму стратегиясында өз көрінісін тапқан.

Университет миссиясы – білім беру, ғылым және инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және Қазақстан республикасының даму стратегиясына сәйкес жаңашыл мамандар даярлау.

ЖОО миссиясын іске асыру мақсатында университет басшылығы тарапынан:

- университеттің ұйымдастырушылық құрылымын оңтайландыру, білім беру барысында инновациялық міндеттерді шешуге бет бұру, яғни жаңа форматқа өту жасалған;
- жоғарғы басшылық, құрылымдық бөлімдер және қызметкерлер деңгейінде атқарымдық өкілеттілік және жауапкершілік нақтыланған, барлық басқару деңгейлерде қызметтік міндеттер жұмыс атқарушылардың орындайтын функцияларымен сәйкестендірілген;
- сыртқы ортаның қарсылығы мен өзгерістерін дер кезінде елеуді қамтамасыз ететін стратегиялық, тактикалық және оперативтік жоспарлаудың комплекстік жүйесі қалыптасқан;
- профессор-оқытушылар құрамын және қызметкерлерді ынталандырудың заманауи жүйесі енгізілген;
- білім беру сапасын көтеру, ғылыми-инновациялық қызметті жандандыруға байланысты мәселелерді шешуде қоғамдық басқару органдарының, тұтынушылардың, басшылықтың ролін жоғарылату қарастырылған.

Қазіргі кезде мамандар дайындау сапасы көбіне білім беру бағдарламаларымен анықталады. Қазіргі сұраныстарға ие болатын, талапқа сай бітірушілерді дайындау, білім беру бағдарламаларын үздіксіз жетілдіруді, олардың әр кезде тұтынушылардың талаптарына сәйкес болуын талап етеді. Мамандар дайындауға қойылатын талаптар жоғарылап, жиі жаңартылып отыру қажеттілігі туындаған жағдайда бұл мәселе ерекше көкейкестілене түседі.

Біліктіліктің мазмұнын және оқыту нәтижелерін түсінуде жалпы еуропалық көзқарасты қалыптастыру құзыреттілікті бағдарға негіздеген. Құзыреттілікті тәсіл білім беру бағдарламасының үш бірлікті негізін жүзеге асыру мақсатында жасалады: дайындыққа қойылатын талап – білім беру бағдарламасының мазмұны – оқыту нәтижелері.

Құзыреттілікті тәсілдің артықшылығы оның потенциалдық мүмкіндіктерімен айқындалады:

- білім беру бағдарламаларын, оқу пәндерін және модульдерді проекциялау әдіснамасы жетілдірілген;
- білім беру сапасын қамтамасыз ету жақсарған, себебі білім беру стандарттары мен біліктіліктерді транспаренттелуі және салыстырылуы жоғарылаған;
- студенттерді оқуға позитивті ынталандыру күшейтілген;
- студенттердің мобилділігі белсендіріледі, академиялық және профессионалдық мойындау процесі, кредиттерді тасмалдау процесі жеңілдетілген.

Білім берудің, ғылымның және инновациялық қызметтің интеграциялануы бітірушілердің профессионалдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл университеттің миссиясымен сәйкес келеді. Білім беру бағдарламасын енгізу процесінде құзырет түрінде берілген (білім және түсіну; әрекет жасауды білу; өмір сүре білу) оқыту нәтижелеріне ерекше назар аударылған.

Студенттерді білім беру бағдарламасы бойынша дайындау ҚР нормативті-заңды актілеріне, мемлекеттік білім стандарттарына, білім және ғылым министрлігінің нормативті-құқықтық құжаттарына сәйкес іске асырылған, оның ішінде ҚР заңдары «Білім туралы», «Жастар саясаты туралы», «Ғылым туралы», Жоғары оқу орындарының қызметін ұйымдастырудың үлгілік ережелері, «Білім туралы», ҚР жоғары оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережелері, оқыту процесін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы, ҚР білім және ғылым министрінің 2011 жылдың 20 сәуірдегі №152 бұйрығы; стратегиялық құжаттар, осы қатарда ҚР 2011-2020 жж. аралығында білімнің дамуына арналған мемлекеттік бағдарлама, 2011-2015 жж. университеттің даму стратегиялық жоспары.

Стандарт. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БАСҚАРУ

5B010600- «Музыкалық білім», 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» 5B012000- «Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн» мамандықтарының білім беру бағдарламасы (ары қарай ББ) университеттің 2014-2020 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына, 2014-2017 жылдарға арналған университеттің сапа аясындағы саясатына сәйкес әзірленген. Барлық қызметкерлері мен білім алушылар, сондай-ақ жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі топтар аталған құжаттармен таныса алады (www.sirdariya.kz).

Сапа кепілдігі саясатында ғылыми қоғаммен, ПОҚ және білім алушылармен өзара қарым-қатынас мамандықтың білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында іске асады. «Музыкалық білім» 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» 5B012000- «Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн» мамандықтарының білім беру бағдарламасы білім, өнер ғылымдары саласында, терең теориялық және практикалық дайындығына бағытталған. Ұлттық шеңберлік біліктілігіне және кәсіптік стандарттарына сәйкес, Дублин дескрипторларымен және Еуропа шеңберлік біліктілігімен келістіріліп, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2012 жылдың 23 тамызында №1080 қаулысымен бекітілген (2016 жылғы өзгерістермен) Жоғарғы білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты мен мамандықтың типтік оқу жоспары негізінде құрастырылған.

Білім беру саласындағы бакалаврлардың кәсіби және жалпы мәдени құзыреттіліктері мен «Сырдария» университетінің инновациялық үлгісіне, нарық қажеттілігіне бағытталған университеттің миссиясы мен стратегиясына және оның көрінісіне сәйкес оны жетілдіру, білім беру бағдарламаларын дамыту жоспарының негізгі мақсаты болып табылады.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру үдерісіне жұмыс берушілерді тарту, бітірушілердің кәсіби құзыреттіліктерін анықтау, жұмыс берушілермен ұсынылған пәндердің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін даярлау, Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту барысында жұмыс берушілердің ұсынған пәндері талқыланып енгізілген.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн» мамандықтарының білім беру бағдарламасын ЖОО мақсатына сәйкес «Музыкалық білім», «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы жүзеге асырады. Білім беру бағдарламасының мақсаты ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік міндетті стандартына», ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі» және 2013 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізілген??? үлгілік (типтік) оқу жоспарына негізделген.

Университетте білім беру бағдарламасының жүзеге асуының тиімділігін қамтамасыз ететін сапаның кепілдігінің мәдениеті қалыптасқан. Университет сапа менеджменті жүйесінің құрамына оның қызметінің негізгі үдерістері енгізілген. Сапа менеджменті жүйесінің ағымдағы жағдайына, оның жұмыс істеуіне талдау жүргізуге, жүйені жақсарту бойынша басқарма шешімдерін қабылдауға және ректорға талдау нәтижелерін ұсынуға,

жалпы алғанда, «Басшылық тарапынан талдау» басқару үдерісіне сәйкес сапа бойынша құзыретті басшылық өкілі жауапты. Басшылық тарапынан талдау жасау үшін бастапқы материалдарды жетекші проректорлар, бөлім басшылары мен декандар дайындайды, олар үшін аталған талдау жүйедегі өздерінің бөлімдерінің қызметін бағалау және оны жақсарту бойынша ұсыныстар жасауға қосымша мүмкіндік болып табылады.

Сапа менеджменті жүйесі тиімділігінің мониторингі ішкі және сыртқы аудиттер көмегімен жүзеге асырылған. Ішкі аудит құжатталған процедурамен жүргізілген және жылына бір рет өткізілген. Сыртқы аудит (бақылау немесе ресертификациялық) жыл сайын сертификациялық компаниямен (Түрік стандарттар институты, TSI) жүргізілген. Сыртқы аудиттер қорытындысы бойынша университеттің сапа менеджменті жүйесі тиімді болып табылады және ISO 9001:2008 халықаралық стандарт талаптарына толықтай сай келеді. Тұтастай ЖОО және жеке кафедралардың қызметінің негізгі үдерістерін оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие үдерістері, басқару үдерісі жатады. Үдерістердің мазмұны сапа менеджменті жүйесінің құжатталған процедураларында жазылған.

Білім беру бағдарламасын жандандыру мақсатында жауапты бөлімдер үнемі сапа мониторингін жүзеге асырып отырады. Мысалы, Оқу-әдістемелік басқарма кафедралармен бірге жұмыс берушілердің элективті пәндер тізімімен келісілген, кәсіби іс-тәжірибеге жетекшілік ету, дипломдық, магистрлік диссертация жұмыстары мен оқытушылардың әдістемелік жоспарларын рецензиялау, Мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамында жұмыс істеу арқылы білім беру бағдарламасының жүзеге асуына қатысуы қамтамасыз етілген, жұмыс берушілермен үнемі байланыста бола отырып, ББ түлектердің еңбек нарығындағы өзіндік орын табу мәдениетінің қалыптасуына ықпал етілген.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн» мамандықтарының білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (Қазақстан Республикасы Президентімен 2010 жылдың 7 желтоқсанындағы №1118 Жарлығымен бекітілді) ескере отырып әзірленген. «Сырдария» университетіндегі жаңа буынды білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдіснамасы білім берудің еуропалық жүйесін ендіруге негізделген және келесі қағидаларды ұсынылған:

- Дублиндік дескрипторлар мен еңбек нарығы талаптарын ескере отырып, көп деңгейлі білім беру мазмұнын түсінуге;

- Білім беру бағдарламаларын жобалаудың негізі ретіндегі құзыреттілік тәсіл;

- Дублиндік дескрипторлар негізіндегі білім беру бағдарламаларын құрудың модульдік тәсілі.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары жоғары білім жүйесінің артықшылықтары мен заманауи талаптарды есепке ала отырып құрылған: магистранттарға бағытталған оқыту, білім беру және бағалау; оқыту, білім беру және ғылыми зерттеулердің өзара қарым-қатынасы; білім беру, зерттеу және жаңашылдықтар. Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері мектеп, лицей мен колледждерде және білім беру департаменті мен басқа да білім беру мекемелерінде және ЖОО педагогикалық кадрларды әзірлеуге бағытталған.

Мамандықтың білім беру бағдарламасы мақсатын анықтауда оқытушылар, магистранттар мен оқытудың тұтас ортасы арасындағы өзара қарым-қатынас нәтижесі қамтылған сапаны қамтамасыз ету жүйесі негізгі роль атқарады.

Білім беру бағдарламасының мақсаттары қоғам, экономика және еңбек нарығы қажеттіліктерін есепке ала отырып қарастырылған.

Білім беру бағдарламасы мақсаттарын бағалау үшін түлектер мен жұмыс берушілер арасында өткізілген сауалнамадан басқа келесі іс-шаралар жүргізілген, олар: аудандық білім беру департаменті басшысының қатысуымен шығарушы кафедраның жетекші оқытушылары мен кафедра меңгерушісінің әңгімелесуі; білім беру департаментінің басты әдіскерімен музыкалық білім, бейнелеу өнері және сызу, кәсіптік оқыту және дизайн мамандарын

дайындау туралы жеке сұрақтарды талдау, келісу және бірігіп жұмыс атқару; ауыл жастарының қызығушылықтары мен қажеттіліктерін зерттеу мақсатында Мақтаарал ауданы мектептерінің мұғалімдерімен және түлектерімен кездесу; облыс көлеміндегі ЖОО-ның сұраныстарын ескеру.

Білім беру бағдарламасы мақсаттарының тиімділігін бағалау және мониторинг студенттер, магистранттар үлгерімі, педагогикалық іс-тәжірибе нәтижелері, дипломдық жұмысты, магистрлік диссертацияларды қорғау және мемлекеттік, кешенді емтихандарды тапсыру, студенттердің, магистранттардың оқыту сапасына қанағаттану дәрежесі туралы мәселелерін кафедра мәжілістерінде қарастыру арқылы жүргізілген.

Тұтынушылардан алған сауалнама нәтижесінен көруге болады. Білім беру бағдарламасы мақсаттарының жүзеге асу тиімділігінің басты көрсеткіші мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан түлектер саны болып табылады. 5B010600- «Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн» мамандықтарының түлектері аудан, облыс, республикалардағы орта мектептерде, колледждер мен ЖОО жұмыс істейді (<http://sirdariya.kz/vipusk/schools.html>).

Мысалы, музыкалық білім мамандығының түлектері Ахтанова Салтанат Евразия университетінде оқытушы педагогика ғылымдарының кандидаты, Қоянбекова Нұргүл ОҚМУ оқытушысы, Нұралиева Айнұр Шымкент Облыстық филармонияда әнші, Асан Пердеш танымал әнші, Барболова Гүлнұр Жетісай музыка мектебінің оқу істері жөніндегі меңгерушісі, бейнелеу өнері және сызу мамандығының түлектері Қауымбаева Меруерт №115 ЖОМ тәрбие істері жөніндегі меңгерушісі, жоғары санатты ұстаз, ғылым магистрі Жүнісбекова Майра ОҚМПИ оқытушысы, Нәлібаев Сакен №40 ЖОМ тәрбие істері жөніндегі меңгерушісі, ғылым магистрі Бишанов Мақсат университеттің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында оқытушы, Файзиев Нұржан «Педагогика және психология» кафедрасының ғылым магистрі, «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы, Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру республикалық институтында біліктілігін жоғарылатқаны туралы, Германия федеративтік республикасының Дюсельдорф қаласында орналасқан «Менеджмент және технология халықаралық академиясы» Қазақстан ЖОО-ның профессор-оқытушыларына арналған «Германия жоғары оқу орындарындағы инновациялық әдістер мен оқыту технологиясы» тақырыбында біліктілікті көтеру курсынан өткен.

2016 ж. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының жас оқытушылары арасында өткізілген «XXI ғасыр педагогы» атты Республикалық байқауының III орын иегері.

Дизайн мамандығының түлектері ғылым магистрі Абдиқаримова Алтынай университеттің «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының оқытушысы, Такенова Айнұр Жетісай Мемлекеттік Гуманитарлық колледжінде «Технология және өнер» кафедрасының меңгерушісі. Кәсіптік оқыту мамандығының түлектері Дайрабаева Лаззат Жетісай Мемлекеттік Гуманитарлық колледжінде оқытушы, Исаев Абдумалик «Ю.Гагарин» ЖОМ жоғары санатты ұстаз. «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының түлектері Файзиев Нұржан ғылым магистрі университеттің кәсіптік іс-тәжірибе жетекшісі болып қызмет атқарады.

Білім алушылардың сапалы білім алуын қаматамасыз ету барысында жұмыс берушілердің пікірін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартып отырған. Білім беру бағдарламасының қарқынды дамуына сыртқы орта өзгерістері мен еңбек нарығы талаптарын ескере отырып, үнемі қайта қарастырылып отыратын элективті пәндер каталогы дәлел болып табылады. Осыған байланысты жаңа элективті пәндер әзірленіп, енгізілген. 5B010600-«Музыкалық білім мамандығы бойынша: «Қазақ музыкасының тарихы», «Музыка теориясының негіздері», «Мектептегі музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы», «Музыкалық психология және музыкалық білім берудің психологиясы», «Педагог-музыканттың әдіснамалық мәдениеті»; 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша: «Бейнелеу өнер тарихы және теориясы», «Қазақстан бейнелеу өнер тарихы; 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша: «Жалпытехникалық және арнайы

пәндері оқыту әдістемесі», «Ұлттық қол өнер бұйымдары технологиясы»; 5B042100-«Дизайн» мамандығы бойынша: «Кескіндеме», «Қазақ костюмдер тарихы», «Костюм композициясы».

Білім беру бағдарламасы ашықтығын қамтамасыз етуге магистранттарға оқытудың жеке траекториясын құруға; оқытушылар таңдауға; пәндердің оқу-әдістемелік кешенін, курстық жұмыстарды, электрондық кітапхана ресурстарын пайдалана отырып, өз бетімен оқу курстарын меңгеруге; СӨЖ, ОСӨЖ кезінде оқытушыдан кеңес алуға мүмкіндік беретін кредиттік және қашықтықтан оқыту технологиясы септігін тигізеді. Білім алушылардың сұраныстары, жұмыс берушілер мен еңбек нарығы талаптарына сәйкес, білім беру бағдарламаларының мазмұны элективті пәндер каталогы мен оқу пәндерінің жұмыс бағдарламаларын жаңарту арқылы реттелген.

Білім алушылар, оқытушылар және басқа да білім беру ұйымына қызығушылық танытқан тұлғалар ББ даму жоспарының құрылымы мен іске асуы жайлы қажетті ақпараттармен университеттің ресми сайты (www.sirdariya.kz) мен университет ішілік Platonus бағдарламасы арқылы қамтамасыз етілген.

Университет ББ даму жоспарының қалыптасуына қызығушылық танытқан тұлғалар тобын, оның ішінде жұмыс берушілерді тарта отырып, ББ жобалау барысында жұмыс берушілерімен бірге кафедра отырыстары өткізілген.

«Сырдария» университеті дамуының стратегиялық жоспары ЖОО-ның миссиясына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді және әрбір бағыт бойынша белгілі бір логикалық байланыстырылған іс-шаралардың орындалуын көздейді. Университет міндеттері университетті басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының барлық деңгейлеріндегі жоспарланған іс-шараларына сәйкес келеді.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының білім беру бағдарламасы Университеттің миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаты мен міндеттеріне және еліміздің алдыңғы қатарлы ЖОО рейтингісіне енуіне бағытталған 2014-2020 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес құрастырылған.

Негізгі мақсаты – Білім беру сапасы саласындағы университет саясатының – жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау.

Міндеттері: әлемдік және отандық мәдени құндылықтарды игеру үшін бәсекеге қабілетті кадрлармен қамтамасыз ету, кәсіби білім беру бағдарламасын жүзеге асыру.

Университеттің материалдық-техникалық базасын дамыту;

Білім беру қызметінің сапасын бақылауда қазіргі тетіктерді қолдану;

Болон үдерісіндегі Лиссабон конвенциясы және ЮНЕСКО талаптарына сәйкес мамандар даярлау.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн» мамандығының ББ мақсаты: кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды игерген, озат жетістіктер деңгейіндегі қажетті білім, білік, дағдыны жүзеге асыратын, инновациялық экономика үшін бәсекеге қабілетті маман кадрларды дайындау.

Материалды және қаржылық ресурстар ББ қажеттіліктері мен университеттің қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес жоспарланған. Жаңа құрылғылар, бағдарламалық қамтамасыз ету және т.б. ресурстарды сатып алу қажеттілігі білім алушылар сұраныстарының қазіргі таңда білім беру бағдарламасының мақсатын орындау үшін университетте барлық ресурстар жеткілікті. Материалдық-техникалық базасы барлық ғимараттар мен нысандар қазіргі санитарлық және өртқауіпсіздігі талаптарына, білім мекемелерінің жұмыстарына қойылатын біліктілік талаптары мен ҚР МЖМБС талаптарына сай келеді.

Барлық оқу дәрісханалары интербелсенді тақта, жиһаздармен, мамандыққа байланысты стендтермен жабдықталған. 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарына білімдік, жеке және мансаптық қажеттіліктерін жүзеге асыруға қолдау көрсететін құрылымдар: тіркеу

офисі, кеңес беру қызметі, кітапхана, ақпараттық және ғылыми зерттеу орталықтары, жатақхана, асхана, медициналық орталық, спорт залдары, психологиялық кеңес беру орталықтары мен клубтар бар.

Жатақхана тәулік бойы күзетте және онда бейне-бақылау орнатылған. ҚР жоғарғы оқу орындары Ассоциациясымен Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхананың ресурстарына қол жетімділік туралы № 67 05.01.2016ж. келісім шарт жасалған. Келісім шартқа сәйкес оқытушылар мен студенттер кітапхана қорын пайдалана алады. ББ-ын іске асыру нәтижесінде материалдық-техникалық база, ақпараттық және кітапханалық қорлар жасақталған.

«Сырдария» университетінің жұмыс топтары басшылығымен бірге 2014-2017 жылдарға арналған сапа саясаты мен 2015-2016 оқу жылына арналған университеттің құрылымдық бөлімдерінің ережелері мен қызметкерлермен ПОҚ, қызметтік нұсқаулары дайындалып бекітілген; Университеттің құжаттар айналымы ИСО 9001:2008 стандарт талаптарына сәйкестендірілген; СМЖ нормативтік құжаттары қайта қаралып университеттің сапа менеджменті жүйесі үрдістерге негізделген және СМЖ барлық үрдістері стандарттар, ережелер, нұсқаулар түрінде құжаттандырылған. (www.sirdariya.kz)

БББ басқару және жүргізу ұйымдастырушылық үрдісі, барлық құжаттамалар СМЖ талаптарына сай ұйымдастырылған.

Сапа көрсеткіштерін нақты бақылау үшін кафедрада СМЖ үшін жауапты тұлға белгіленген. Әрбір құрылымдық бөлімше, соның ішінде кафедрада, оқу жылына сапа бойынша мақсаттар мен оларды орындалу бойынша іс-шаралар жоспары бекітілген. Кафедра СМЖ жұмыс жоспарының барысы мен орындалу нәтижелері үнемі кафедра отырыстарында, факультет кеңестерінде талқыланады және қажет болған жағдайда түзетушілік және ескерту іс-әрекеттері жүргізілген.

ББ мақсаттарының бағалау жүйелігі оның нәтижесінің тиімділігімен анықталған. ББ нәтижелерінің тиімділігі оның мақсаттары мен міндеттерінің дұрыстығы туралы айтуға мүмкіндік береді. ББ нәтижесі тиімділігіне талдау түлектердің жұмысқа орналасу мониторингі мен жұмыс берушілердің пікірі нәтижесінде жүзеге асады.

ББ даму жоспарына мониторинг ББ дамуының операциялық жоспарын жүзеге асыру есептерін, кафедралардың жылдық есептерін жинау, кафедраның оқу жылына дайындық мониторингісі. ББ, ПОӘК, оқулықтар т.б. сапасына талдау, сондай-ақ білім алушылар мен түлектердің, жұмыс берушілердің алатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі туралы сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылған.

Іс-шараларды жүзеге асыру барысында кафедра отырыстарында қарастырылатын есеп жүргізілген және жыл сайын ООБ-ға қызметтің негізгі түрлері бойынша есеп тапсырылған. Осылайша, ББ даму жоспарын орындаудың мониторингісі оқу жылы бойы орындаудың бекітілген мерзіміне сәйкес жүзеге асырылған.

Сапаны қамтамасыз ету тиімділігіне бақылау оқу жылында бір рет жүргізілетін ішкі аудит арқылы жүзеге асырылады. Ішкі аудит жоспарының құрамына ББ сапасын жоспарлау, ұйымдастыру, мониторинг жасау және дамытумен байланысты мәселелер кіреді. Аудиттер нәтижесі бойынша түзету іс-шаралары белгіленіп, жүргізіледі.

ББ іскерлігінің тиімділігі мен нәтижелілігі келесі критерийлер мен индикаторлар арқылы бағаланады:

- Пәндер бойынша аралық бақылау нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері;
- Пәндер бойынша сессия нәтижелерінің сандық және сапалық көрсеткіштері;
- Теориялық білім мен дағдыларды шынайы өмір мен арнайы іскерлікте тәжірибе түрінде пайдалана алу шеберлігі (мектепте, колледжде, лицейде, саяси партиялар құрылымында, қоғамдық қозғалыстарда, үкіметтік емес ұйымдарда және т.б. жұмыс істеу);
- Студенттер мен магистранттардың халықаралық, республикалық,

аймақтық, қалалық, университеттік симпозиумдарға, конференцияларға, жобаларға қатысуы және аталған контекстегі жетістіктері.

Сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаттын жүзеге асыру деңгейін бағалау «Сырдария» университетінде мәліметтерге талдау жасау арқылы жүзеге асырылады және оқу үдерісін жақсарту үшін қолданылады. Мәліметтерге талдау жасау жақсартулар бойынша шешім қабылдауға, сондай-ақ түзетушілік және ескертушілік іс-әрекеттер жасауға септігін тигізеді. Мәліметтерге талдау университеттің барлық деңгейлерінде жүргізіледі. Басшылық деңгейіндегі мәліметтер талдауы СЖ-СУ-01-2015 «Сапа бойынша жетекшілік» және КП-СМАМБ-008/02-2015 «СМЖ жөніндегі жетекшілік талдауы» құжатталған үдерістерге сәйкес СМЖ талдау жасау кезінде жылына бір рет жүргізіледі.

Жылына екі рет ректор топ басшылармен кездесулер өткізеді, онда студенттер мен магистранттардың мәселелерін ашық талқылайды, кездесу нәтижелері бойынша сәйкес іс-шаралар қабылданады. ЖОО сайтында «Сырдария» университеті ректорының блогы бар, онда кез келген адам ректорға өзінің хабарламасын, сұрақтарын қалдыра алады, оған ректор уақытылы жауап береді. Ректордың қабылдау уақыты: сәрсенбі, жұма күндері 16.00-18.00 сағат аралығында кез-келген білім алушы немесе ата-ана ректормен кездесе алады. Сондай-ақ сайтта барлық бөлім қызметкерлерінің телефондары мен электрондық мекен-жайлары, ЖОО байланыс анықтамалығы бар. ЖОО-да кез-келген адам өзінің анонимдік немесе есімдік хабарламасын қалдыра алатын ескертулер, шағымдар (жарнамалар) және ұсыныстарға арналған жәшіктер орналасқан.

ББ басқармасының пәндерді оқыту әдістемесінде жеке жинақтары бар, дәріс барысында инновациялық әдістерді пайдалану тиімділігі нәтижесінде профессор-оқытушылар құрамының жарық көрген еңбектері өндіріске ендірілген. Мысалы, «Музыкалық білім» кафедрасының оқытушы Б.Исаның «Жеңіс жолы» (БҒМ грифімен), қобыз, скрипка мен фортепианоға арналған шығармалар «Желдірме», «Мерекелік күй», «Жиделі-Байсын»; Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының доценті Б.Құрбаналиевтің «Ағаш қол өнері», А.Ұзақованың Кәсіптік оқыту мамандығы студенттеріне арналған кейс, М.Тәңірбергенов, М.Бишановтың «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі», «Мүсіндеме және пластикалық анатомия» т.б.

Жалпы алғанда, студенттер білімін бағалау үдерісі жоғары білім беруді ұйымдастыру қызметінің типтік ережелері (ҚР БҒМ 17.05.2013 ж №499 бұйрығы) талаптарына, сондай-ақ «Оқу үдерісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру ережелеріне» (ҚР БҒМ 24.04.2011 ж №152 бұйрығы) сәйкес келеді.

Университетте ағымдағы мониторинг және әрбір модуль нәтижесін қамтамасыз ету үшін сауалнама жүргізіледі. Мониторингте төмендегілер есептеледі: студенттердің аралық аттестациясы, студенттерден оқытушылардан сауалнама алу, бітірушілерге жұмыс берушінің пікірі, жұмысқа орналастыру жайлы талдау жасау, МАК есебі, мемлекеттік аралық аттестация, студенттер мен магистранттардың іс-тәжірибелерінің қорытындысы, күнделіктері, директорлар мен іс-тәжірибе жетекшілерінің пікірі, ЖОО мониторинг жүйесіне қабылдау сапасына талдау жасау, ағымдағы үлгерімі.

Емтихан сессиясы мен мемлекеттік емтихан нәтижесі, қабылдау сапасы мен ағымдағы және қорытынды аттестация нәтижесін талдау көрсеткіші болып табылады.

Қорытынды аттестация мониторингі студенттер мен магистранттардың оқуының әртүрлі кезеңдерінде үлгерім нәтижесіне баға беру арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес бітіруші курс студенті базалық болып табылатын пәндер жиынтығынан мемлекеттік емтихан тапсырады және дипломдық жұмысын, ал магистранттар кешенді емтихан мен магистрлік диссертация қорғайды. Пәндерді оқыту сапасының мониторингі профессорлар мен доценттердің сабаққа қатысуы жөніндегі ішкі бақылау эксперт шеңберіндегі оқытушының нақты әдістемелік деңгейіне баға береді.

Университет практикасында бітірушілер мен жұмыс берушілердің өзара байланысының түрлі формалары іске асырылады. Университетте бітірушілер ассоциациясы жұмыс істейді. Бітірушілердің арасында өзара байланыс жасалынған, олардың қызметтегі

өсу, жұмыс берушілердің пікірі жайлы мәселе есепке алынады. Кафедра бітірушілерге көмектесуде төмендегідей мәселелерді ескереді: кафедра бітірушілерімен байланысты жолға қою; бітірушілердің кәсіптік қызметінің өсуі жөнінде мәлімет жинақтау; жұмыс берушілерден бітірушілер жайлы пікірін білу және оны талдау; жұмыс берушінің сұранысы бойынша бітірушілерді дайындау.

Факультеттің жұмыс берушілермен жүйелі байланысы жолға қойылған: өңірдің жұмыс берушілерімен байланыс жасалынған. Бітірушілердің жұмыс нәтижелері марапаттармен (ЖОО ұжымына, кафедраға, пән оқытушыларына) дәлелденген.

Жұмысқа қабылдаушы ұйымдармен кері байланыс ұйым басшылары тарапынан бітірушілерге берілген, бітірушілердің дайындық сапасына қанағаттанғандығын білдіретін оң мінездемелер арқылы жүзеге асырылған.

Факультетте әзірленетін мамандықтар бойынша БББ орындау оқу процесіне мониторинг және жұмыс берушілермен өзара әрекеттестікке жетекшілік жасайтын университеттің ұжымдық ұйымдарының, бөлімшелерінің жұмысы арқылы жүзеге асырылған. Бағдарламаны орындау үшін білім беру үдерісіне қатысушылар арасында әлеуметтік сауалнамалар жүргізу, студенттер мен магистранттардың оқу жетістіктерін талдау, жұмыс берушілерді бағдарламаны жүзеге асыруға қатыстыру, оқыту инновациялық әдістерін енгізу, бағдарламаны жүзеге асыру тиімділігі мемлекеттік аттестацияға ұлттық аккредитация түрінде сырттай бағалау әдістері қолданылған.

Жұмыс берушілердің бітірушілердің дайындық сапасы бойынша талаптарын орындау мақсатында жыл сайын мектеп мұғалімдерімен семинар ұйымдастырылып, сауалнама жүргізіліп отырған. Еңбек нарығының талабына сай элективті курс мазмұны анықталып, оқыту мерзімі кезінде қайта қаралып өзгертілген.

Студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесі өтулері үшін 20 астам мекемелермен келісім-шарттар жасалынған. Жетісай қаласы бойынша: «№122» ЖОМ, «Н.Оңдасынов», «Ю.Гагарин» ЖОМ, «А.Байтұрсынов» ЖОМ «Ажар» тігін шеберханасы, Ел-дос сән үйі мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерімен ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру, әдіс алмасу мақсатымен келісім-шарт түзілген т.б.

Университетте білімгерлердің сабақ сапасына қанағаттанарлығы жайлы әлеуметтік сауалнама дағдыға айналған. Оқытушының оқу үдерісіндегі білім деңгейі мен кәсіби дәрежесін бағалауда сауалнамалар жүргізіледі және нәтижесінде университеттен алған біліміне, студенттік өмірге қанағаттанатындығын байқауға болады. Өткен 2015-2016 оқу жылының сұрау жүргізу нәтижесінен оқу үлгерімінің, оқу сапасының оқыту жағдайының, сабақ беру сапасының сұрауларының жауабынан студенттердің 95% қанағаттанатыны көрсетілген.

Университетте жүйелі түрде сауалнамалар жүргізіліп тұрады. Сауалнама нәтижелері білім берудің әрбір элементі туралы пікірді қалыптастыру үшін объективті болып табылады. Сауалнамаға БББ барлық курстарының студенттер мен магистранттар қатысты. Мониторинг <http://www.sirdariya.kz> нәтижелеріне талдау жасалынған.

Күшгі жақтары:

- Факультет мамандықтарының БББ университеттің миссиясына және мақсатына сай;
- БББ мақсаты мен міндеттері қоғамның әлеуметтік, экономикалық, мәдени т.б. дамуындағы өзгермелі ортаның әсеріне тез бейімделетін сұраныстарды қанағаттандыруға бағытталған;
- БББ сәйкес студенттер саны тұрақты қамтамасыз етілген;
- Факультет ұжымында студенттермен жағымды психологиялық климат қалыптасқан;

Әлсіз жақтары:

- мектеп оқушылары орыс, ағылшын тілінде жетік даярланбауы ЖОО халықаралық академиялық ұтқырлықтың әлсіз болуына алып келуде.

Қорытынды: «Білім беруді басқару» стандарты бойынша 27 талап айқындалды, оның 2-і күшті позицияға ие, 17-і қанағаттанарлық және 8-і жақсартуды қажет етеді.

Жетілдіру шаралары: факультетке мектеп мұғалімдерінің біліктілігін арттыратын бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу мақсатында білім беру мекемелерінде тәжірибесі бар, жоғары білікті педагогикалық кадрларды тарту ісін жандандыру.

СТАНДАРТ. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ

Білім беру бағдарламаларының мазмұны ҚР БҒМ нормативтік құжаттарына, типтік оқу жоспарларына, қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарына сәйкес келеді. Типтік жоспарларда кредиттер саны көрсетілген міндетті пәндердің, базалық, профильдік және жалпы білім беретін циклдердің тізбесі, таңдау курстар компоненттерінің көлемі көрсетілген. Типтік жоспарлар мен бағдарламалардың негізінде жұмыс оқу жоспары, оқу-әдістемелік кешендер, әдістемелік нұсқаулықтар т.б. секілді барлық оқу құжаттары жасақталған.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруға байланысты құжаттарды кафедраның жетекші оқытушылары ішкі нұсқаулықтарға сәйкес жасайды және университет ғылыми кеңесі мен оқу-әдістемелік кеңестерінің отырыстарында бекітілген. Білім беру бағдарламалары, оның ішінде оқу бағдарламаларының мазмұны, пәннің жұмыс бағдарламасының және педагогикалық практикалардың мазмұны мен құрылымы жыл сайын қайта қаралып, жаңартылған. Оқу жұмыс жоспарлары жылына бір рет, әрбір оқу жылының соңында қайта қаралып, жаңартылып келесі оқу жылының басында бекітіледі. Жұмыс оқу жоспарларын талдауды оқу жылының ішінде кафедра меңгерушілері профессор-оқытушылар құрамымен бірлесе отырып жүзеге асырады.

Академиялық көрсеткіштердің ішкі мониторингі мен білім алушыларға әлеуметтік сауалнама жүргізу нәтижелерімен қатар, кәсіби практикаға басшылық жасайтын, түлектерді аттестациялауға тәрағалық ететін, бітірушілердің жұмыстарын рецензиялайтын нақты жұмыс берушілер мен қызметкерлердің ресми пікірлері де талқыланып қарастырылып отырады.

Білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудың нәтижелілігін мамандар дайындау сапасын көтеру бағытындағы шаралар кешенін жасақтайтын ішкі комиссиялар бағалайды. Сапаны қамтамасыз ету мәселелерін қарастыру форматы кафедра, факультет, басшылық жасайтын бөлімшелер деңгейінде білім беру процесін басқарудың тиімділігі туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Анықталған проблемалар негізінде қабылданған бөлім басшыларының шешімдері жауапты тұлғалар белгілеген мерзімде жүзеге асырып отырады.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының білім беру бағдарламасы университеттің миссиясына сәйкес келетін, тұтынушылардың сұраныстарына жауап беретін, ғылым дамуының қазіргі жағдайларын жауап беретін мақсаттарға ие.

5B010600-«Музыкалық білім» мамандығының миссиясы оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асыру, музыкалық тәрбие үйірмелік жұмыстарды ұйымдастыру, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізе алатын бәсекеге қабілетті жаңа формациядағы маман дайындау.

5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының миссиясы көркемдік жүйенің даму тарихы бейнелеу шығармашылығы мен педагогикалық іс-әрекетті және бейнелеу әдістемелік аспектіде теориялық және тәжірибелік деңгейде көркем шығармашылық мәселені шеше алатын жоғары білікті жаңашыл мамандарды дайындау болып табылады.

5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығының миссиясы педагогикалық процесті сапалы ұйымдастыру, түрлі педагогикалық технологияны қолдану, кәсіптік оқыту бойынша білім берудің қазіргі талаптары мен объективті заңдылықтарын шешетін, ұлттық салт дәстүрді

және қолөнерді дамыта алатын, бәсекеге қабілетті жаңашыл мамандарды дайындау болып табылады.

5B042100-«Дизайн» мамандығының миссиясы жобалау алдындағы материалдарды безендіре білу, дизайн саласындағы жаңа үрдістер, халықтар мәдениеті, тарихы жобалық ұсыныстарды нормативтік талаптар мен стандарттарға сай кәсіби түрде орындай алатын жоғарғы білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау болып табылады.

Университеттің БББ әзірлеу мен бекітудің олардың нормаларын сақтаудың жұмыс нұсқауы дайындалған. БББ мазмұны: педагог мұғалімнің жаңа формациядағы кәсіби қызметтегі оқу-тәрбие үдерісін педагогика ғылымы мен практикасы талаптарының деңгейінде жүзеге асыру, студенттің, магистранттың жүктемелік білімі мен өзіндік жұмысының байланысын анықтау, теорияны тәжірибелік білімдермен ұштастыра білу дағдыларын дамыту, сапалы білім беру жетістіктеріне жету жолындағы мақсаттарды айқындап, инновациялық технологиялармен байланысын нығайту.

БББ мазмұны мақсатқа бағытталған құжат. Бұл бағдарламаны жасауда ПОҚ мен жұмыс берушілер қатысады және олардың пікір-ұсыныстары ескерілген. БББ мазмұны ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік міндетті стандартына» сәйкестендірілген 2013 жылғы үлгілік (типтік) оқу жоспары және ҚР БҒМ №152 бұйрығы (2014 жылдың 3-шілдесіндегі өзгерістерімен) «Кредиттік оқыту технологиясын оқу үрдісінде ұйымдастыру» ережесімен жүзеге асырылып, бітірушілердің кәсіби құзіреттіліктері мен біліктілік сипаттамаларымен анықталады.

БББ мазмұнына сәйкес жоғары білімнің оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан өткен білім алушыларға 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтары бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.

БББ мақсаттары қоғам, экономика және еңбек нарығы қажеттіліктерін есепке ала отырып қарастырылады.

БББ мақсаттарын бағалау үшін түлектер мен жұмыс берушілер арасында өткізілген сауалнамадан басқа келесі іс-шаралар жүргізіледі:

- аудандық білім беру департаменті басшысының қатысуымен шығарушы кафедраның жетекші оқытушылары мен кафедра меңгерушісінің әңгімелесуі;
- білім беру департаментінің басты әдіскерімен болашақ педагогтарды дайындау туралы жеке сұрақтарды келісу және бірігіп жұмыс атқару;
- ауыл жастарының мүдделері мен қажеттіліктерін зерттеу мақсатында Мақтаарал ауданы мектептерінің мұғалімдері, колледж оқытушылары мен түлектерімен кездесу.

Қазіргі ББ тенденцияларының талаптарына орай БББ әдіснамалық парадигмалары оқытудың жаңа үлгілерін қажет етеді. Сол мақсатта интербелсенді тапсырмалар, танымдық пікірталастар, интеллектуалдық сайыстар, дамыта оқыту, сын тұрғысынан ойлау, витагенді технологиялар арқылы жүзеге асырылып, сабақ барысында тренингтер, іскерлік және рөлдік ойындар, түзету-дамыту, алдын алу әдістері пайдаланылады.

БББ қызметін дамытуға ықпал ететін үдерістердің бірі – компьютерлік сауаттылық. Инновациялық технологиядағы бұл үрдіс компьютерлік бағдарламаларды (WINDOWS, EXCEL, POWER POINT т.б.) меңгерумен байланысты және жұмыс оқу жоспарында бағдарланған диплом және курстық жұмыстардың графикалық бөліктері бағдарламалар арқылы орындалады.

Түлек моделі:

5B010600-«Музыкалық білім» - музыкалық білім беру саласында кәсіби қызметтің барлық түрлерін, музыка аспабын, ән орындауды, музыкалық теориялық білімдерін игеру, мектепте музыкалық білім беру әдістемесі, теориясы мен тарихы саласында білікті болуы, кәсіптік қызметті меңгеруі, педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануы.

5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» - көркем-сурет педагогикалық және шығармашылық бағыттағы кәсіптік құзыретінде толық және сапалы кәсіптік білім алуы, педагогикалық және ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануы, бейнелеу өнері және сызу бойынша білім беру саласында кәсіби қызметтің барлық түрлерін жүзеге асыру үшін қажетті білім, білік дағдыларды меңгерту.

5B012000 - «Кәсіптік оқыту» Түлек моделі: өзінің болашақ мамандығының мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсіну, қалыптасқан кәсіби қызығушылығы болуы, кәсіптік қызмет саласындағы басты мәселелермен таныс болуы, сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүйелілік, кешендік сабақтастық принципін ескере отырып жоспарлауы.

5B042100 «Дизайн» - конструкциялардың жұмыс істеу заңдылықтарын, олардың пайдалану барысындағы орнықтылықтары мен сенімділіктерін қамтамасыз ету амалдарын әртүрлі материалдар және конструкциялармен пішіндерді жасау тәсілдерін, конструкциялаудың дайындау және тұрғызу технологияларымен өзара байланысын білу, жобалаудың әрекеттері мен кезеңдерінің бірізділігін білу, жоба мақсатын қою.

Білім беру бағдарламасының құзыреттілік моделінің негізгі параметрлері 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының педагогикалық стратегиясында бейнеленген. Бұл стратегия мамандықтың оқу-әдістемелік кешенінің құрамына енетін Мамандық пәндерінің оқу-әдістемелік кешендері университеттің оқу-әдістемелік кешенін әзірлеуге арналған ережесіне (СМЖ Е-ОӘБ-007/05-2014) сәйкес (хаттама №6 24.06.2015) әзірленген. Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесіне сәйкес әзірленген. Бұл білім беру бағдарламасының бүтіндігі модулдердің білім беру, кәсіби, фундаментальды және практикалық құрамдас бөліктерінен тұрады.

Кәсіби бағдар жөніндегі ақпараттар университеттің <http://www.sirdariya.kz> сайтында берілген. Мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар беру мақсатында оқу орнында дәстүрлі түрде ашық есік күні өткізіліп тұрады.

Аудандық білім басқармаларымен, колледж студенттері, қалалық және ауылдық мектептердің оқушылары мен мұғалімдері, ата-аналары шақырышып, университет тарихы, студенттердің шығармашылық жұмыстары, мұражай, инновациялық зерттеу орталығы, зертханалық кабинеттер, т.б. виртуалды саяхат жасалған және «Студенттер үйінде» арнайы ұйымдастырылған кешке қатысып, мамандықтарға арналған дискілер мен буклеттер таратылады. Университетте әр жыл сайын мектеп бітірушілермен пәндік олимпиадалар өткізілген. Мысалы, «Музыкалық білім» мамандығы бойынша «Өнер құдіреті», «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша «Жас суретші», «Дизайн» мамандығы «Сән әлемі» тақырыптарында олимпиада өткізілген.

БББ негізгі оқу жоспарында оқу процесінің графигі курстар бойынша бөлінген болып, модулдер тізімі кредиттер санымен көрсетілген. Таңдау компонентіндегі пәндерге кредиттер семестрлер бойынша теңдей бөлінген. Одан басқа, емтихандар саны мен практикалар семестрлерге кредит санын және қорытынды аттестаттау модулін көрсетіп жазады. Білім беру бағдарламасының мазмұны отандық және кейбір шетелдік ЖОО-лардың сәйкес бағдарламаларымен үйлестірілген, ECTS бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі туралы ереже бекітілген.

Білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарында МЖМБС сәйкес міндетті компоненттің пәндерінің логикалық тізбектілігі сақталынған: жалпы білім беру пәндері, базалық пәндер және бейіндік пәндер. Жұмыс оқу жоспарының міндетті компонентінің барлық пәндерінен типтік оқу бағдарламалары бар. Олардың негізінде пән кешендері әзірленген.

Жеке білім траекториясын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін элективті пәндер каталогында ең кемінде альтернативті екі пәннің болуы ескерілген және мамандық бойынша жалпыға міндетті, базалық, кәсіптендіру пәндерінің жұмыс бағдарламалары үлгілік оқу жоспары, ал таңдау пәндерінің оқу бағдарламалары тұтынушылардың сұраныстарын негізге ала отырып жоспарланған.

Модульдік білім беру бағдарламаларын (әрі қарай МБББ) көрсетіледі: модульдер атауы, пәндер коды, пәндер атаулары, бақылау түрі (курстық жұмыс), кредит саны (KZ, ECTS), студенттің бюджеттік жұмыс уақыты сағат түрінде: дәріс, семинар, ОСӨЖ, СӨЖ.

БББ элективті пәндерді ұсынған тұтынушы мекемелердің басшылары, кафедра меңгерушісі, факультет деканы, оқу-әдістемелік басқарма басшысы, оқу-істері жөніндегі проректормен келісіліп, ректор бекіткен.

Мамандық бойынша БББ модулінің мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен белгіленеді және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы іске асырылған. Мамандықтың БББ мазмұнын анықтауда мамандықтың үлгілік (типтік) оқу жоспары (№1080 бұйрыққа сәйкес) ресми басылымы басшылыққа алынған.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының Үлгілік оқу бағдарламалары, үлгілік оқу жоспары, мамандықтардың міндетті пәндерінің үлгілік оқу жоспарларын Республикалық оқу-әдістемелік бірлестік (ОӘБ) бекіткен, көшірмелері кафедрада сақталған.

Мамандықтың жұмыс оқу бағдарламасындағы жалпы білім пәндері 18 %, базалық пәндер –44%, кәсіптендіру модулі – 20 %, оқытудың қосымша білім беру модулі – 6 %, іс-тәжірибе – 11%, қорытынды аттестациялау – 1 % құрайды. Мамандықта өтілетін пәндердің курс бойынша көлемі төмендегі кестеде берілген (Кесте 3).

Жұмыс оқу жоспарында бірыңғай жүйе қарастырылған және жұмыс оқу бағдарламасына енген таңдау пәндерінің кредит саны, пререквизиттері мен постреквизиттері, модульдік мазмұны мен игеруі тиіс дағдылары, құзыреттілігі элективті каталогта көрсетілген. Элективті пәндер каталогы кафедра мәжілісінде талқыланған. Студенттерге жұмыс берушілердің сұранысы арқылы айқындалған элективті пәндер бір баламалы (альтернативті) компонентті таңдауға берілген.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының БББ мазмұны: жалпы білім беру пәндер модульдерінің мазмұны (28 кредит): қазақстанның қазіргі заман тарихы, ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), философия, ағылшын тілі (A1, A2 деңгейі), орыс (қазақ) тілі, тіршілік қауіпсіздігі негіздері, саясаттану, өзін-өзі тану пәндері.

Жалпы білім пәндері модулінің мақсаты: қазақстан тарихын, философия, экология және тұрақты даму басқа да әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің негізгі ережелерін білу; қазақ, орыс, шетел тілдерін меңгеру; басқару құралы ретінде компьютермен, жалпы бағыттағы бағдарламалық құралдармен жұмыс істеу дағдыларын меңгеру; жаһандық компьютерлік жүйелерден алынатын ақпараттарды пайдалана білу.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығының Базалық білім пәндерінің модулі 69 кредитке сәйкестендірілген, оның 20 міндетті, 49 таңдау.

5B042100-«Дизайн» мамандығының Базалық білім пәндерінің модулі 81 кредитке сәйкестендірілген, оның 30 міндетті, 51 таңдау.

Базалық пәндер модулінің (міндетті) мазмұны: оқушылардың физиологиялық дамуы, педагогика, психология, білім берудегі менеджмент, бағалаудың өлшемдік технологиялары, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, инклюзивті білім беру т.б. мемлекеттік және шетел тілдерінен білімін тереңдету сипатындағы білімді қамтамасыз ету болып табылады.

Базалық пәндер модулдерінің таңдау компонентінің мазмұны 5B010600-«Музыкалық білім» мамандығы «Сольфеджио», «Гармония», «Полифония», «Музыкалық шығармаларды таңдау», «Шетел музыкасының тарихы», «Негізгі музыкалық аспап I,II», «Хор класы және хормен жұмыс жасау практикумы I,II (орыс тілінде)», «Хор дирижерлау I (орыс тілінде)», «Хор дирижерлау II», «Ритмика», «Хор ансамблі», «Оркестр класы».

Базалық пәндер модулдерінің таңдау компонентінің мазмұны 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы «Сызу негіздері», «Сызба геометрия және перспектива», «Академиялық сурет I,II», «Академиялық кескіндеме I,II», «Композиция I,II», «Мүсіндеме және пластикалық адам анатомиясы», «Шығармашылық натюрморт», «Бейнелеу өнер

тарихы және теориясы», «Қазақстан бейнелеу өнер тарихы», «Мамандық бойынша композиция», «Түстану», «Қолданбалы графика» т.б.

Базалық пәндер модулдерінің таңдау компонентінің мазмұны 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы «Материалдар өңдеу технологиясы (сала бойынша)», «Материалдар конструкциясы технологиясы», «Оқу шеберханаларына икемдеуші құралдар, Зергерлік бұйымдар технологиясы», «Еңбекке баулу әдістемесі (бастауыш сыныпқа арналған)», «Кәсіби бағыттылықты қалыптастыру», «Автотракторлар құрылысын оқыту әдістемесі, Тігін бұйымдарының технологиясы», «Салалық материалтану» «Ұлттық қолөнер бұйымдарының технологиясы», «Сәндік-қолданбалы қолөнер», «Оқу шеберханасындағы материалдарды өңдеу практикумы, Тігін бұйымдарының композиция негіздері», «Техника тарихы, Костюм тарихы», «Автомобильдер және тракторлар құрылысы, Өрнектеу техникасы», «Ауылшаруашылығы еңбек технологиясы және техникасы, Тоқыма және тоқу технологиясы», «Материалдарды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы, Костюм кешені» т.б.

Базалық пәндер модулдерінің таңдау компонентінің мазмұны 5B042100-«Дизайн» мамандығы «Қазақ костюмдер тарихы», «Сурет және графика костюм», «Сурет I,II», «Кескіндеме I,II», «Костюм композициясы», «Дизайн нысандарын құрылымдау», «Бұйымдарды топтап жобалау», «Инженерлік сызба II, III», «Кәсіби компьютерлік бағдарлама I», «Графика және модельдеу» т.б.

Кәсіптендіру пәндер модулдерінің таңдау компоненті 5B010600-«Музыкалық білім» мамандығының (27 кредит) құрамына енген пәндер: «Қосымша музыкалық аспап (орыс тілінде)», «Қазақ музыка фольклоры», «Мектептегі музыкалық білім берудің тарихы мен теориясы», «Педагог-музыканттың әдіснамалық мәдениеті», «Музыкалық психология және музыкалық білім берудің психологиясы», «Вокал класы», «Мектеп әндері», «Аспапка топтау», «Мектеп оркестрімен жұмыс».

Кәсіптендіру пәндер модулдерінің таңдау компоненті 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының (27 кредит) құрамына енген пәндер: «Сурет», «Кескіндеме», «Дизайн негіздері», «Қолөнер негіздері», «Компьютерлік графика», «Шрифт», «Арнайы композиция».

Кәсіптендіру пәндер модулдерінің таңдау компоненті 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығының (27 кредит) құрамына енген пәндер: «Кәсіптік ілім берудегі ғылыми зерттеулер «Білім беру мекемелеріндегі кәсіпкерлік қызмет)», «Кәсіпке баулудың теориялық негіздері», «Кәсіби психология», «Жалпытехника және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі», «Оқушыларды кәсіпке дайындау жүйесіндегі жаңа оқыту технологиялары», «Ағашты қолмен және механикалық өңдеу, Материалдармен жұмыс гобелен тоқу», «Жиһаз жасау, Тамақ әзірлеу».

Кәсіптендіру пәндер модулдерінің таңдау компоненті 5B042100-«Дизайн» мамандығының (27 кредит) құрамына енген пәндер: «Тігін бұйымдарының технологиясы», «Материалдар мен жұмыс», «Костюм элементтері және үрдістері I, II, III,IV», «Киім дизайн нысандарын жобалау I,II,III», «Тігін бұйымдарын конструкциялау және модельдеу», «Киім дизайн нысандарын жобалау IV», «Киім дизайн жобалау V», «Матамен жұмыс».

Кәсіптендіру пәндер модулдерінің таңдау компоненті мақсаты – 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтары мамандығы шеңберінде кәсіби білімді және тәжірибелік дағдыларды қамтамасыз ету. Ол оқылатын шетел тілінің теориялық негіздерін кәсіби бағытта игеруге және мамандығы бойынша бейінді-дифференциялық дайындыққа бағытталған.

БББ студенттер мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне сәйкес іске асырылған. Бұл тұрғыдан таңдау пәндеріне қатысты мәселені студенттің, магистранттың қалауын басшылыққа ала отырып, нәтижеге жету есепке алынған. Оқу орнында жүргізілетін элективті пәндер каталогы студенттерге таңдау мүмкіндігін ұсынады. Пәнді таңдап, оқу траекториясын құру – студенттің басты әрекеттерінің бірі.

Элективті пәндер кафедра мәжілісінде талқыланды: оған профессор-оқытушылар құрамы, жұмыс берушілер қатысып, өз ой-пікірлерін, ұсыныстарын ортаға салған.

Автоматтандырылған ақпараттық PLATONUS жүйесінде студенттің ЖОЖ құрылады және эдвайзер басшылығымен таңдау пәні бойынша офис регистраторының бланкісі толтырылады. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе PLATONUS тіркеу парағы негізінде, кафедрада оқытушылардың сағат есебі, жеке жүктемесі жасалған.

Мамандықтың оқу үдерісіндегі барлық құжаттамалары университеттің «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне енгізілген.

2010 жылы наурыз айында Қазақстанның Болон декларациясына енуіне байланысты кредиттік-модульдік-құзыреттілік жүйесінде негізгі үш элемент (кредит, модуль, құзыреттілік) бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады.

Кредиттер келесі екі негізгі функцияда қолданылады: 1) ЖОО-да меңгерілген пәндер бойынша басқа ЖОО-да қайта сынақ тапсыру мүмкіндігі қамтамасыз етілген; 2) өзінің білім беру траекториясына қарай, бірінші кезекте, оқуды жалғастыру мүмкіндігі және келесі білім деңгейіне көшу ұстанымы анықталған. Студенттердің оқу жүктемесінің еңбек көлемі жұмыс оқу жоспарында көрсетілген дәрісханалық және өзіндік жұмыс, машықтану, тәжірибені қамтитын оқу жүктемесінен құралған.

Базалық профилдік модуль болашақ бакалаврларда мамандық бойынша негізгі білімдерді қалыптастыруға бағытталған. Жеке білім беру траекториясы техника және технология бакалаврында арнаулы мамандандырылған құзыреттіліктері қалыптастыруды анықтайды.

Педагогикалық іс-тәжірибенің базалары А.Байтұрсынов атындағы ЖОМ, М.Горький атындағы ЖОМ, Ю.Гагарин атындағы ЖОМ, Н.Оңдасынов атындағы ЖОМ, №122 ЖОМ т.б. Онда музыка пәні мұғалімдерімен педагогикалық-психологиялық қызмет бағыттары, қазіргі мектеп мұғалімінің жеке тұлға тәрбиесіндегі негізгі рөлі және жаңа оқыту технологияларының белсенді әдістерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдануда тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіледі. п.ғ.к., доцент А.Ж. Утешеваның, аға оқытушы Сапаркулов С.Д. кеңес беруінің нәтижесінде №122 ЖОМ 5-сынып оқушысы Өрісбек Алина «Вокал класы» бойынша Республикалық «Сәлем, Астана» фестивалінде, А.Байтұрсынов ЖОМ 5-сынып оқушысы Темір Айдана «Күншуақ» атты халықаралық байқауда жүлделі орынға ие болған.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтары бойынша ұйымдастырылатын тәжірибелердің бірі – дипломалды. Мамандық студенттері аталған іс-тәжірибенің барлық қағидаларын нормаға сай орындаған.

Кафедрада іс-тәжірибенің барлық түрлері бойынша төмендегі құжаттар бар: «Іс-тәжірибе бұйрығы», «Бірлескен келісім шарт», «Іс-тәжірибе күнделіктері», «Қондырғы конференциясының хаттамасы», «Қорытынды конференциясының хаттамасы», «Іс-тәжірибе есебінің кафедра мәжілісінде талқылануы», «Іс-тәжірибе жетекшілерінің есебі».

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясындағы қалыптасатын құзыреттілік матрицасында модулдер арасындағы өзара байланыс нақтыланған.

Элективтік пәндер каталогы мен кәсіби практика мазмұнын жасақтауда білім алу деңгейі мен соған байланысты кәсіби құзырлылықтар есепке алынады. Соның нәтижесінде бакалавриат, бағдарламаларында теориялық және тәжірибелік пәндер басымдық алады: Бұл бакалаврлардың нәтижелерін анықтайды: бакалавриатты бітірушілер практикалық қызметке бағдарланады; Факультетте білім беру процесі білім берудің нәтижелері еңбек нарығының талаптарын толық қанағаттандыратындай етіліп ұйымдастырылған.

Қазіргі уақытта факультетте бакалавриат үздіксіз көп деңгейлі білім беру моделі жүзеге асырылған. Факультетте сондай-ақ білім беру қысқартылған білім бағдарламалары бойынша да жүргізілген.

Пререквизиттер мен постреквизиттер жүйесі бакалавриаттың оқу пәндерінің

сабақтастығын қамтамасыз етеді.

БББ жүзеге асыру мамандықтардың типтік және оқу жұмыс жоспарлары, пәннің типтік және оқу жұмыс бағдарламалары, ішкі нормативтік құжаттар талаптары негізінде жүргізілген және типтік оқу жоспарларын толықтыру үшін кафедрада элективтік пәндер каталогы жасақталған, олар ОӘК-те талқыланып, бекітілген.

Типтік оқу бағдарламасы мен элективтік пәндер каталогының негізінде жыл сайын оқу жұмыс жоспарлары жасақталып отырылады, олар ғылыми кеңестің отырысында бекітілген.

Элективті пәндерде аймақтық-ұлттық бағыттар қатаң негізделеді, кафедраның мәжілісінің шешімі негізінде жасақталып, бітірушілердің білім деңгейлерін көтеруге және ОҚО Мақтарал ауданы сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіндік береді.

Сыртқы өзгерістерді талдау оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына түзетулер енгізу мақсатында, оқу жоспарларының мазмұнын өзгерту талаптары ЖОО стратегиясы өзгеру нәтижесінде, ҚР БҒМ жаңа нормативтік құжаттар ендіргенде, сыртқы факторларды ескере отырып, қолданыстағы білім беру бағдарламаларын, ақпараттық хаттарды талдау нәтижелерінде жүргізілген.

Жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалардың және білім алушылардың тілектері мен ұсыныстары элективті пәндер каталогтарында, білім алу траекторияларында, білім алушылардың индивидуалдық оқу жоспарларында көрініс тапқан.

Еңбек нарығындағы өзгерістерге талдау жасау мониторинг жасау жолымен және ОҚО Мақтарал ауданы мамандарға сұраныс картасын жасаумен жүргізілген.

Білім алушылардың тілектері индивидуалды білім траекторияларын таңдау процесін жүргізумен, білім алушылармен білім беру бағдарламаларына қанағаттану мәселелері бойынша анкета алу мен сұрау жүргізу жолымен жүзеге асырылған.

Білім беру бағдарламаларын жасауда профессор-оқытушылар құрамының тілектері кафедра отырысындағы талқылау кезінде ескеріледі.

БББ барлық өзгерістер білім алушылардың контингентіне, оқу жоспарлары мен бағдарламаларына, педагогикалық жүктеме құрылымына әсер етеді.

БББ өзгерістер элективтік пәндер каталогы мен оқу жоспарына түзетулер ендірудің негіздемесі мен себептерін көрсете отырып ғылыми кеңестің шешімімен енгізіледі.

Мүдделі тұлғаларды, жұмыс берушілерді, оқытушыларды, білім алушыларды тарту еңбек нарығына жоғары білікті сұранысқа ие мамандарды дайындауға бағытталған толыққанды бағдарламалармен бекітілген. Мысалы, 5B010600-«Музыкалық білім» мамандығы, Тұран ЖОМ, Б.Момышұлы ЖОМ, А.Байтұрсынов ЖОМ «Қазақ музыка тарихы», «Музыка теория негіздері», «Қазақ музыка фольклоры»; 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы, №115 ЖОМ, №6 Б.Момышұлы ЖОМ, №5 Ш.Уалиханов ЖОМ Сурет, сызу, өнер тарихы; 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығы «Материалдар конструкциясының технологиясы», «Сызу және сызба геометриясы», «Жалпытехникалық және арнайы пәндерді оқыту әдістемесі»; 5B042100-«Дизайн» мамандықтары бойынша білім беру бағдарламасын жасақтау процесінде, ЖШС Ел - Дос тігіс тігу бөлімінің меңгерушісі «Матамен жұмыс», «Дизайн нысандарын құрылымдау», «Тігін бұйымдарының технологиясы» пәнін енгізуді ұсынған.

Әдетте, жұмыс берушілер мен мүдделі тұлғалар серіктестер ретінде білім алушылардың кәсіби практикадан кейінгі бағалары мен ұсыныстарының негізінде іріктелген.

БББ ерекшеліктері элективті теориялық және практикалық пәндердің ендірілуіне ықпал етеді, олар жинақтала келе бірінші курста «Мамандыққа кіріспе» пәнін оқытудан бастап барлық циклдер бойынша білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады.

Университеттегі оқудың нәтижесі бітірушінің моделінде, «Platonus» ААЖ-дегі білім беру траекторияларында, элективті пәндер каталогында, оқу жұмыс жоспарлары мен силлабустарда көрініс табады.

Білім алушылардың оқытушыларды, пәндер мен дайындық бағытын қызметтің қандай түрлерінде өзінің алған білімдерін пайдалана алатындығы, мемлекеттік және басқа да құрылымдарда өзін көрсете алатыны туралы ақпарат құралдары арқылы таңдау

мүмкіндіктері бар.

БББ мазмұны отандық және шетелдік осыған ұқсас бағдарламалармен «Оқу үдерісін кредиттік оқыту жүйесі бойынша ұйымдастыру ережесінің» 4 бөлімінде жазылған (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің №152 бұйрығы, 20.04.2011) Мемлекеттік жалпыға бірдей білім стандарты мен ECTS кредиттерін қайта есептеу коэффициенттеріне сәйкес үйлесім тауып отырады. Жетекші отандық және шетелдік ЖОО білім беру бағдарламаларымен үйлесімділікті орнықтыру мақсатында университетте академиялық ұтқырлық қарастырылған.

Мысалы, Мәселен БББ 2015-2016 оқу жылында, 5B010600-«Музыкалық білі» мамандығының 3 курс студенті Орынбасар Мейірман 6 семестрін ОҚМПИ; 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандығының студенті Н.Аяшев 2013-2014 оқу жылының 6 семестрін ОҚМПИ оқыған. 2013-2014 оқу жылының 4 семестрін 5B010700-Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының студенті Бекшора Фаридә оқыған.

БББ сәйкес тиісті академиялық кредиттер игерілді, ал пән айрымашылықтарымен байланысты ерекшеліктер кредиттік жүйе талабына сәйкестендірілген. 2015-2016 оқу жылының II жарты жылдығында Мүслім Айнагүл АӘИУ, Шымкент академиялық ұтқырлықпен білім алған.

БББ мазмұнын жұмыс берушілермен келісіп алу, жұмыс берушілерді сабақ жүргізуге, практика жетекшілігіне, бітіру жұмыстары мен оқытушылардың әдістемелік нұсқауларын рецензиялауға тарту, жұмыс берушілерді мемлекеттік аттестациялық комиссия құрамына енгізу, жұмыс берушілердің мамандар дайындау сапасына қанағаттанушылығын бағалау тәжірибелері қалыптасқан. Мысалы, жыл сайын жұмыс берушілердің келісімімен бакалавриаттың элективті пәндерінің 10%-дан 30%-ға дейін жаңартылған.

БББ жүзеге асыруда базалық кәсіби практикалардың жетекшілері, бітіру жұмыстарының ғылыми жетекшілері, бітіру жұмыстарының рецензенттері ретінде жоғары білікті мамандар тартылады. ЖОМ, колледж, ЖОО-нан білікті мамандары мамандықтардың салалық пәндерінің оқытушылары болып табылатын кафедра филиалдары бар.

Мысалы, есепті кезеңде оқытушылар – Қазақстан инженерді-педагогикалық халықтар Достығы университетінен «Қоғамдық пәндер» кафедрасы әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент М.А.Ертаев «философия», «саясаттану» пәнінен университетке білім бағыты бойынша дәріс оқуға шақырылған.

Жұмыс берушілермен жалпы кәсіби және арнайы құзыреттіліктерді айқындау мәселелері талқыланды. Практика қорытындысы бойынша білім беру процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуының проблемаларын айқындау жұмыстары жүргізілген. Жұмыс берушілердің ұсыныстары ЦОҚ-тың педагогикалық қызметін жетілдірудің негізі болып табылады. Мысалы, факультетте мамандар даярлаудағы көбірек айтылып жүрген кемшілік шет тілдерін меңгеру деңгейінің төмендігі болып келді. Бұл мәселені шешу үшін арнайы білім беру бағдарламасы дайындалды, соның негізінде барлық білім беру кезеңінің ішінде (яғни, әрбір семестрде) мамандық профиліне байланысты ағылшын, орыс тілінің курстары жүргізілген.

Практикадан өту орындары мамандықтардың ерекшеліктеріне орай білім алушылардың одан әрі қарай жұмысқа орналасулары ескеріле отырылып анықталады. Мысалы, 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту» мамандықтары аудандық ЖОМ, 5B042100-Дизайн мамандығы өндірістік іс-тәжірибеден «Ел-дос» сән үйі, ЖШС «Амина» тігіс тігу шеберханасы, ЖШС «Назира» тігіс тігу шеберханасында іс-тәжірибеден өтеді.

Іс-тәжірибеден өтудің орындар санын бөлу бойынша жұмыстар жұмыс берушілермен, факультет кафедралары мен ғылыми жұмыстар, еңбекке орналастыру және оқу-әдістемелік басқармамен бірлесіп жүргізіледі.

Индивидуальды білім траекториясы күтілетін нәтижелерді, кәсіби құзіреттілік пен практикадан өту мен жұмысқа орналасудың болжамды орындарын есепке ала отырып құрылады.

ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмыстарының, оқытудың инновациялық технологияларының нәтижелерін ендіру жұмыс берушілердің бастамасы бойынша элективті пәндер каталогы арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнынан көрініс тапқан.

Күшті жақтары:

- БББ міндетті пәндердің мазмұны типтік оқу жоспарына сәйкес;
- жұмыс оқу жоспары типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогының мазмұнымен сәйкестендірілген;
- мамандық ПОӘК 100% қамтамасыз етілген;
- БББ дайындауда жұмыс берушілердің талаптары ескерілген;
- Студенттердің қызығушылығын танытуға пәндердің таңдау мүмкіндігі;
- БББ мүмкіндіктері модулдік жүйе негізінде құрылуы.

Әлсіз жақтары:

- профессор—оқытушылар құрамының халықаралық ғылыми жобаларға аз қатысуы.

Қорытынды: «Білім беру бағдарламасын дайындау мен бекіту» стандарты бойынша 21 талап анықталды, оның 2-і позицияға ие, 18-і қанағаттанарлық және 1-і жақсартуды қажет етеді.

Жақсарту шаралары: Пәннің теориялық және тәжірибелік-бағдарлаушылық құрамдарының арасындағы тепе-теңдіктің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында кәсіби практика аяқталғаннан кейінгі жұмыс берушілердің, мүдделі тұлғалардың, ПОҚ-тың, білім алушылардың тілектерін есепке ала отырып, элективті пәндер каталогтарын, білім траекторияларын, оқу бағдарламаларындағы пәннің мазмұны мен атауын экономика дауының өзекті бағыттарына сәйкес оңтайландыру керек.

СТАНДАРТ. СТУДЕНТКЕ БАҒЫТТАЛҒЫН ОҚУ, ОҚЫТУ, ҮЛГЕРІМІН БАҒАЛАУ

Факультетте маман дайындау ісі екі деңгейлі бакалавр білім беру бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Білім алушыларға олардың өмір ұстанымдарына, қабілеттеріне және мүмкіндіктеріне сәйкес келетін нақты білім бағытын таңдауына жағдай жасалған.

Білім алушылардың үйлесімді дамуы үшін олардың интеллектуалды жетілгендігін есепке ала отырып, студенттердің орталықтандырылған білім беру бағдарламалары жасалынған.

Студенттер БББ басты тұтынушылары, сондықтан оқу процесінің сапасын қамтамасыз етуде мүдделері жоғары тұрады.

ББ ортасы жекешелікке, көбірек тәуелсіздікке ұмтылу, тұтастылыққа қол жеткізу процесі, жеке және кәсіптік өсу, дербестік, өзін-өзі құрметтеу сияқты студенттердің маңызды сипаттамаларын үлгілейді.

ББ кредиттік технология бойынша білім алушының ЖОЖ негізінде құрылған. Кредит оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғайландырылған бірлігі болып табылады. Білім алушыларға жеке білім алу траекториясы бойынша оқу мүмкіндігі берілген. Білім алушы өзінң жеке оқу жоспарын мамандықтың үлгілік жоспарына және таңдау пәндерінің каталогына негізделген. ЖОЖ-на (типтік оқу жоспары) ТОЖ-нан міндетті компонент пәндері және ЭПК-дан таңдау бойынша пәндер енгізілген.

Оқу үдерісінде студенттің тұлға ретінде бағалануы, олардың сұранысы, білім сапасын арттырудағы мақсаттары, заманауи технологияларды қолдануы, оқытудың формалары мен өзін-өзі бағалау, оқытушылар тарапынан қолдау көрсету, ынталандыру, әлеуметтік жағдаяттар мен материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуі т.б. БББ-ғы келелі мәселелерді қамтыған.

Сабақтарда мекемелерде тікелей кездесіп отыратын түрлі жағдаяттық тапсырмалар, педагогикалық жағдаяттар қолданылған.

Мәселен, «Педагогикадағы математикалық әдістер» пәнінде «Педагогикалық жүйелерді, құбылыстарды және жағдайаттарды модельдеудің, математикалық құралдары», «Педагогикалық диагностика мен педагогикалық эксперименттерді модельдеу», тақырыптар бойынша өндірістік жағдаяттар пайдаланған. Мұнда мәселелерді шешуде меңгерілу тиіс білімдер жинақталып, өзектендірілген, сөйтіп білім алушылар оқу процесіне ең нашар қатысушыдан белсенді қатысушыға айналады. Жағдаяттарды талдау әдістерін қолдану білім алушылардың талдау дағдыларын жетілдіреді. Нәтижесінде тек білім ғана емес, сондай-ақ кәсіби іс-әрекеттің дағдылары да қалыптасады. «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының бейнелеу өнері және сызу, кәсіптік оқыту, дизайн мамандық студенттері мен Тәжікстан Республикасы Педжикент институты студенттері арасында «Палитра мира» атты Халықаралық шығармашылық конкурс өтті. Еңбектері үздік студенттер мен оқытушыларға сертификат алғыс хаттар берілген.

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының профессор-оқытушылары ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің жыл сайынғы Жолдауларын аудан, қала әкімшілігінің шақыруымен Жетісай қаласы мектептерінде, халық арасында насихаттау және түсіндіру бойынша дәрістер оқиды.

Жаңа технологияларды енгізу мақсатында әдістемелік материалдарды шығару, ПОҚ оқу семинарлары және т.б. жүргізілген. Университеттің материалдық-техникалық базасы әрбір мамандыққа қойылатын лицензиялық және біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Университетте өз ішіне компьютерлік техникаларды, бағдарламалық өнімдерді, сайттарды, компьютерлік сыныптарды, оқу залдарын, кітап қорын, сандық оқу материалдары қорын және т.с.с. қамтитын оқу ортасы құрылған. Білім алушыларға барлық көрсетілген ресурстар (оқу залдары, компьютерлік сыныптар және т.б.) қолжетімді.

Білім алушылардың әрбір пән бойынша өзіндік жұмыстың нысаны мен түрін таңдауы оқытылатын пәннің ерекшелігіне, оның мақсаты мен міндетіне, қиындық дәрежесі мен өзектілігіне, білім алушыларды даярлау деңгейіне, пәннің еңбек сыйымдылығына сәйкес жүргізіледі. Әрбір білім алушы СӨЖ-ны қағаз немесе электронды тасымалдағышқа орындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтармен және ұсынымдамалармен қамтамасыз етілген.

Білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардың оқытылатын пәннің мазмұнына және оқыту нәтижелеріне барабарлығы туралы шешім тиісті пәнді жүргізетін факультет кафедраларының отырыстарында қабылданады. Кафедра сондай-ақ білім алушылардың өзіндік жұмысына арналған тапсырмалардың оқытын пәннің оқытылу деңгейіне және ерекшелігіне сәйкес келуін талқылайды.

Сонымен бірге білім алушыларға қолданылатын оқыту әдістерінің тиімділігін кәсіптік тәжірибе нәтижелері де айқын көрсете алады. Білім алушыларды дайындаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету жүйесінің маңызды бөлшегі сауалнама арқылы студенттердің тәжірибені ұйымдастыру мен жүргізу сапасына көзқарастары мониторингісін жиі өткізу болып табылады. Студенттер өз пікірлерін ауызша сұрақ үдерісі және оқытушылармен, кафедра меңгерушісімен, факультет деканымен әңгімелесу арқылы білдіре алады.

Факультетте кәсіптік тәжірибенің ұйымдастырылуын тексеретін оқу-әдістемелік басқарма маманы жұмыс жасайды. Оқу-әдістемелік басқарма маманы білім алушылардың тәжірибеден өтуін кешенді тексерумен айқындайды.

Жүргізілген мониторинг нәтижелері университеттің ғылыми кеңесінде қаралады және тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу бойынша басқару шешімін қабылдайды, факультет және кафедра жиналыстарында талқыланады.

Осы мәселе бойынша студенттердің дайындық сапасы мен деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін барлық тәжірибе түрлерін өту кезінде жұмыс берушілермен ұдайы байланыс жүргізіледі. Жас мамандарды бөлу шараларына қатысушы серіктес-мекеме оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жетілдіру бойынша өз пікірлерін айтады.

Оқу бағдарламаларын іске асыру үшін білім алушылармен кері байланыс факультет кеңесінің мүшелері болған белсенді білім алушылар, студенттік деканат арқылы жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасының тиімді болуының құраушы факторларының бірі компьютерлермен қамтылу деңгейі мен интернеттің қолжетімділігі. Кітапхана қорына кедергісіз кіру, электронды кітапхана, оқу залы, периодты басылымдар, ғылыми әдебиеттер, оқу әдістемелік оқу қорлары және студенттердің тегін интернетке кіруге мүмкіндік береді.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін білім алушы емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляцияға өтініш береді. Оқу ісі жөніндегі проректордың өкімімен емтихан сессиясы кезеңіне апелляцияланатын мамандығы сәйкес келетін оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия 24 сағат аралығында өтінішті қарастырып бастапқы алған бағасын қалдыру немесе бағаны қайта қарастыру туралы шешім қабылдайды. Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушының жеке емтихан ведомосі жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына тіркеледі.

Студенттердің білім деңгейін бағалау университетте СМЖ-нің «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің ережелері» сәйкес орындалады. Бұл құжат келесі ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгі ережесі» (ҚР БҒМ 2011 жылғы 16 наурызда №94 бұйрығымен енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен), ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары» университеттің ережесіне (П-ОР-009/01-2015) сәйкес жүргізіледі (www.ko-sirdariya.kz).

Оқу нәтижесінің жүзеге асқандығын қабылдау ҚР БҒМ 2011 жылғы 20 сәуірдегі 125 (№241 28.06.2013ж.қосымша өзгерістерімен), №152 бұйрығы бойынша «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері» негізінде бекітілген. Бұл КОТ бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері ҚР «Білім» заңының іске асуы мақсатында жасалған. Университетте студенттердің әрбір пән бойынша ағымдық бақылау, аралық және қорытынды бақылау нәтижелері PLATONUS автоматтандырылған ақпараттық жүйесіне жүйелі түрде ендіріледі.

Факультетте студенттердің желілік оқу ақпараттық базаларына толықтай қол жеткізуі үшін барлық жағдай жасалған, пәннің оқу-әдістемелік кешені (ПОӘК), электронды кітапхана олардың құзырында.

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты – білімнің қандай да бір түріне қол жеткізуді және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне, бұрынғы оқу жетістігіне, туған тіліне, мәдениетіне, ата-анасының әлеуметтік және экономикалық дәрежесіне, психикалық және дене мүмкіндіктеріне қарамастан, білім алуға табысқа қол жеткізуі үшін қажетті жағдайлар жасауды қамтамасыз ету.

Күшті жақтары:

- талапкерлерге университет тарапынан түрлі жеңілдіктер қарастырылған;
- студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыруға спорттық базамен қамтамасыз етілген;
- интеллектке жан-жақты даму үшін барлық жағдай жасалынған;
- студенттердің білімін балдық рейтинг жүйе арқылы бағалау.

Әлсіз жақтары:

- мемлекет есебінен қаржыландыратын ғылыми жобаларға қатыса алмауы.

Қорытынды: «Студентке бағытталған оқу, оқыту және үлгерімін» стандарты бойынша 12 талап анықталды, оның 1-і күшті позицияға ие, 8 – қанағаттанарлық және 3-і жақсартуды қажет етеді.

Жақсарту шаралары:

- пәндерді оқытудың жеке әдістемелерін әзірлеу және енгізу жұмыстарын жандандыру.
- түрлі деңгейдегі ғылыми жобаларға қатысу қажеттігі.

Стандарт. «Білім алушылар»

БББ тиімділігінің маңызды көрсеткіші – бакалавр өзінің мамандығының құзыреттілігін жетік меңгеріп, фундаментальді және практикалық дайындықты кең түрде сәйкестендіре отырып, алған құзыреттілігін практикада пайдалана алатын болуы тиіс.

Тұлғаларды оқуға қабылдау талапкерлердің арыздары бойынша ҰБТ немесе КТ нәтижелері негізінде берілген сертификаттағы балдарға сәйкес ақылы негізде және 60-70 баллдан жоғары, тұл жетім, мүгедектер, көп балалы отбасы талапкерлерге университет тарапынан түрлі жеңілдіктер қарастырылған, атап айтсақ «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының 3 курс студенті тұл жетім Елтай Елтияр 50%, «Музыкалық білім» мамандығының 2 курс студенті Есімхан Гүлвира 50% жеңілдік қарастырылған.

«Музыкалық білім» мамандығы бойынша жалпы 8 талапкерге, «Дизайн» мамандығы бойынша 6 талапкерге, «Кәсіптік оқыту» мамандығы 9 талапкер, Бейнелеу өнері және сызу мамандығы 7 талапкерге жеңілдік берілген.

Бейнелеу өнері және сызу мамандығы студенттері Абай атындағы Қазақ Ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Жоғарғы оқу орындары арасында студенттерінің VII- Республикалық пәндік олимпиадасында 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша мәдени-шығармашылық әлеуетін көтеруге үлес қосқаны және белсене қатысқаны үшін 1 курс студенті Әбсаттар Қажымұрат, «Ұлы дала топырағын ұлықтайық: Көркем эстетикалық тәрбие» тақырыбы аясында «Қазақстанда суретші ұстазды дайындау, кеше, бүгін, ертең» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияда, «Шымқала қаңтары» атты байқауда «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығының студенттері арасында 2 курс студенті Кенжебек Меруерт, 3 курс студенті Құратаев Мырзагелді 3-орынға ие болды. Қазақ Бас Сәулет Құрылыс Академиясында республикалық «Сән дизайнері» пәндік олимпиадада белсене қатысқаны үшін берілді.

Лиссабон конвенциясы талаптарына сәйкес қабылдау комиссиясында университетке түскен тұлғаның құжаттарын тапсыруы бойынша халықаралық және шетел оқу орындарынан алған білімдері туралы құжаттарының бар болуы талап етіліп, жұмыстар жүргізілген, ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығында нострификациялар рәсімін өткізу келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылған.

Жоғары білімнің, оқу кезеңінің және алдағы оқудың, формалды емес және бейресми оқытудың төмендегідей негізгі біліктілікті тану тәжірибелері қалыптасқан. Білім беру құжаттарын тану үшін:

- білім туралы құжаттың түпнұсқасы (транскрипт, диплом) өтілген оқу пәндерімен практикасының сағат көлемі, алған бағалары курстық және оқу бітіргендігі біліктілік жұмыстары, т.б. Білім туралы құжаттарды тану Лиссабон Конвенциясына сәйкес жүргізілген.

Білім алушы шетелдік білім беру ұйымынан ауыстырылған және қайта қабылданған кезде меңгерілген оқу бағдарламалары туралы (академиялық анықтама, транскрипте), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 10 қаңтардағы №8 бұйрығымен бекітілген, ҚР нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5135 болып тіркелген Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау ережесінде бекітілген тәртіппен ҚР нострификациялау рәсімінен өтуі тиіс білім берудің алдыңғы деңгейін анықтағаны туралы құжаттар негізінде жүргізілген.

БББ студенттердің үздіксіз білім жетілдіруі мен кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына бағытталған. Халықаралық білім беру ұйымдарымен атап айтқанда Тәжікстанның «Тәжік мемлекеттік педагогикалық институтымен» серіктестік келісімшарттар жасалып болашақта ғылыми-зерттеу академиялық еркіндік мәселелері және «Палитра мира» атты халықаралық шығармашылық конкурсы жоспарланған.

Шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестікте бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орындары қазақстандық кредиттерге және ECTS-ке сәйкес әріптес жоғары оқу орындарына игерілген кредиттерді қайта сынақтан өткізуді жүзеге асыру жұмыстары жүргізіліп отыр.

Ағымдық мониторингті жүзеге асыру және нәтижелерді қамтамасыз ету мақсатында стандартты әдістерді, әсіресе әр модульге қатысты сұрақ-жауапты қолдану арқылы сауалнама жүргізу әдісі қолданылады. Аталған әдісті қолдану барысында студент өзінің тәуелсіз бағасын бере алады.

Университетте ағымдағы мониторинг және әрбір модуль нәтижесін қамтамасыз ету үшін сауалнама жүргізіледі. Мониторингте төмендегілер есептеледі: студенттердің аралық аттестациясы, студенттерден, оқытушылардан сауалнама алу, бітірушілерге жұмыс берушінің пікірі, жұмысқа орналастыру жайлы талдау жасау, МАК есебі, мемлекеттік аралық аттестация, студенттердің практикасының қорытындысы, күнделіктері, директорлар мен практика жетекшілерінің пікірі, ЖОО мониторинг жүйесіне қабылдау сапасына талдау жасау, ағымдағы үлгерім, оқыту сапасы, оқытушының кәсіптік өсуі. Қабылдау сапасының мониторинг талапкердің білім бағдарламасын меңгеруге академиялық дайындық сапасы енгізіледі. Талдау жүргізудің нәтижесі тестілеудің балының қосындысының орта шамасы, емтихан материалын меңгеруі, қабылданған топтың сапасы, мамандық тобы, университетке қабылданғандардың академиялық үлгерімі шеңберінде жүргізіледі.

Емтихан сессиясы мен мемлекеттік емтихан нәтижесі, қабылдау сапасы мен ағымдағы және қорытынды аттестация нәтижесін талдау көрсеткіші болып табылады.

Қорытынды аттестация мониторингі студент оқуының әртүрлі кезеңдерінде үлгерім нәтижесіне баға беру арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік білім стандартына сәйкес бітіруші курс студенті базалық болып табылатын пәндер жиынтығынан мемлекеттік емтихан тапсырады және диплом қорғайды. Пәндерді оқыту сапасының мониторингі профессорлар мен доценттердің сабаққа қатысуы жөніндегі ішкі бақылау эксперт шеңберіндегі оқытушының нақты әдістемелік деңгейіне баға береді.

Оқытушының кәсіптік дамуының мониторингі оқытушының кәсіптік дамуы мен атқарған қызметіне ғылыми дәрежесінің сәйкестігіне баға беріледі. Ұлттық аккредитация және мемлекеттік аттестация жоспарына сай білім бағдарламысына баға беріледі. Мемлекеттік аттестация студенттерден тәуелсіз тест алу және сауалнама жүргізу арқылы іске асырылады, оның қорытындысында оқытушылардың білім берудегі қызмет сапасына баға беріледі.

«Дипломнан кейінгі сүйемелдеуді» дайындау сапасын жақсартуда университетте әр оқу жылы дәстүрлі «Бос орындар» жәрмеңкесі өткізіліп, бітірушілер мен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастықта бос орындарға конкурс жариялап, жұмыспен қамтамасыз етіледі. Есеп беру кезінде ұсынылған түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша ақпарат.

Студенттердің ғылыми потенциалын арттыруда ПОҚ ролі ерекше. Білім бағытындағы қазіргі мәселелерін зерттеуге студенттерді тарту үлкен жауапкершілікті талап етеді. Факультеттің, кафедраның жылдық жоспарында ПОҚ студенттерге ғылыми бағыт-бағдар беру, мәселелі тақырыптарды талдау әрекеттері жасалған.

Мысалы: «Музыкалық білім», «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында 2016-2020 жж. ғылыми-зерттеу жұмыстарының перспективалық жоспары жасалған. Соның негізінде «Ғылым мен өнер»: атты студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізіліп, 120-ға жуық баяндамалар тыңдалған. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесі баспа беттерінде жарық көріп отырады.

«Музыкалық білім» кафедрасының ғылыми-бағыттары: «Музыкалық білім мен тәрбие беру үрдісінде жалпы және арнайы қабілеттерді дамыту».

«Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының ғылыми-бағыттары: Студенттердің ғылыми танымдылығы мен көзқарасын қалыптастыру, бейнелеу өнерінің дербес әдістемесін жетілдіру.

Факультет студенттерінің ең үздік баяндамалары университеттің «Тәуелсіз Қазақстан: бүгінгі жетістіктері мен стратегиялық дамуының бағыттары» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған студенттердің дәстүрлі II республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы және «Махмұд Қашқари-Барскани мұрасы: адамгершілік құндылықтардың негізі» студенттердің халықаралық ғылыми-тәжірибелік

конференциясының жинағында (Бішкек, 2016), «Ұлы дала топырағын ұлықтайық»: «Көркем эстетикалық тәрбие» тақырыбы аясында «Қазақстанда суретші ұстазды дайындау, кеше, бүгін, ертең» атты республикалық ғылыми-әдістемелік конференциясының жинағында (Шымкент, 2016), жарық көрген.

Студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысы студенттердің арнайы ғылыми семинарларында баяндалады.

Мадақтау мен ынталандырудың негізгі түрлеріне мыналар жатады:

- 1) Білім берудің түрлі кезеңдеріндегі ғылыми жұмыстардың орындалу барысындағы, түрлі бағыттағы білім деңгейлері, курстық жұмыстар, іс-тәжірибе (сынақ, емтихан) нәтижелерінің есептері;
- 2) Ең дарынды студенттерді университет есебінен төлем ақыға жеңілдіктер, ректорат, факультет тарапынан түрлі марапаттарға ұсыну;
- 3) Үздік студенттердің жұмыстарын жеңімпаздарды марапаттау жағын қарастырған байқаулар, көрме және басқа да ұйымның іс-шараларына ұсыну;
- 4) Студенттерді басқа ЖОО пәндік олимпиада, конференцияларға жіберу

2013-2016жж аралығында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуы 40-50 пайызды құрап отыр.

Факультет жанында «Музыкатану», «Сырлы бояулар», «Шебер қолдар», «Сән әлемі» ғылыми-педагогикалық үйірмелер жұмыс жасайды. Үйірменің мақсат-міндеттері, жұмыс жоспары кафедраның мәжілісінде қаралып, 26.08.2015ж. факультет кеңесінің №1хаттамасымен бекітілген.

Түлектер ассоциациясының мақсаты факультетте жаңа көзқарасты мамандар даярлауда және университет пен түлектер арасында тиімді қарым-қатынас орнатудағы қызметіне ықпал ету болып табылады.

Ассоциация мүшелері кәсіби тәжірибелерді өткізуге, дипломдық жобалауды ұйымдастыру үдерісіне қатысты және т.б. мәселелерді шешуге тартылады.

Студенттік өзін-өзі басқару студенттердің талаптарын университет әкімшілігіне ұсынады: білім алушылардың ғылымдағы, оқудағы және қоғамдағы белсенділігі үшін ынталандыру туралы ғылыми кеңес қарауына ұсыныстар береді; студенттердің оқу процесі мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жетілдіру үшін ұсыныстар енгізеді; әкімшілікпен, университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен, студенттердің оқу және тәрбие жұмысын қамтамасыз ететін тұлғалармен өзара қатынас орнатады; студенттердің маңызды әлеуметтік қызметтерін ұйымдастырады.

Әкімшіліктің пен ұжымның ағымдағы кері байланыс жүйесі, «Таза сессия» жүйелі акциясы, құрамына студенттер де кіретін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комиссияның жұмысы, студенттік өзін-өзі басқару тарапынан бақылау пара алу және сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін жыл сайын бақылау өткізеді, анықталған нәтижелермен алдағы іс-шаралар жоспары әзірленеді.

Білім алушылардың оқу траекториясын қалыптастыруда, олардың жеке қасиеттері, тәжірибесі, қабілеттері мен түсініктері, мүдделері мен қажеттіліктері назарға алынады.

Факультеттегі алғашқы күндерден бастап дарынды студенттерді анықтау, олардың білім деңгейін тексеру, олимпиадаларға қатысу нәтижелері, ғылыми жарыстар, конференциялар, дөңгелек үстелдер, пікірталастарға қатысуы, міндетті университет бағдарламасы аясындағы жоғары білім деңгейі арқылы жүзеге асырылады.

Шетел тілінен білімін жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін «Ағылшын тілін деңгейлеп оқыту» атты курсының қолдауымен студенттердің және университет оқытушыларының ағылшын тілін оқуына мүмкіндік туды.

Тұлғаның дарыны ғылыми-зерттеу жұмыстарында, ақпараттық-ізденімпаздығында, интеллект дамуында көрінеді.

Күшті жақтары:

- бітірушілердің еңбек нарығында сұранысқа ие болуы;
- мектеп түлектерінің арасында кәсіби бағдар жұмысының оң болуы;

- бігірушілермен білім сапасын көтеру мақсатында тұрақты байланыстың орнатылуы;
- студенттердің сабаққа қатысуы жоғары деңгейде болуы;
- ПОҚ БББ стратегиялық дамуын қамтамасыз етуі;
- аймақты мамандармен қамтамасыз етілуі.

Әлсіз жақтары:

- студенттердің дайын ақпараттармен жұмыс жасауға дағдыланып қалуы.

Қорытынды: «Білім алушылар» стандартынан 16 талап анықталды, оның 2 - күшті позицияға ие, 6- қанағаттанарлық, 8 - жақсартуды көздейді.

Жақсарту шаралары: дарынды студенттерді анықтау және олардың университеттің білім беру бағдарламалары бойынша білім алуын қамтамасыз ету жұмыстарын күшейту.

СТАНДАРТ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫ ҚҰРАМЫ

«Өнер» факультетінде білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда, профессор-оқытушылар құрамының кәсіби әлеуеттілігін сақтауда, оқытушы бойында кәсіби мотивация мен мансабын өсіру жағдайын қалыптастыруда, біліктілікпен қамтамасыз ету талаптарына бағытталуда, ұжымда моральды-психологиялық тұрғыда зиялы орта құруда бірден-бір стратегиялық басымдылығы мамандар саясаты болып табылады.

Қазіргі таңда университет мамандану саясатының нақты шынайы болуын қамтамасыз ете отырып университет басшылығы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы профессор-оқытушылар құрамына бос орындар, лауазымдар туралы ақпарат беріп отырады. Жұмысқа қабылдау шешімі, көтермелеу сыйлықтары, ескертулер мен сөгіс берулер ректор бұйрығы арқылы факультет кеңесінде, ғылыми кеңесте, ректоратта, салтанатты жиындарда оқытушыларға жария етілетіндігі көрсетілген.

«Сырдария» университетінің кадр саясаты мына құжаттармен айқындалады, ішкі тәртіп стандарты, профессор-оқытушылар құрамы туралы ереже, профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық тағайындау ережесі, қызметкерлерді марапаттау ережесі, профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі. Ішкі тәртіп стандартының талаптары университет қызметкерлерінің барлығына міндетті болып табылады. Стандартты барлық қызметкерлерге және жаңадан жұмысқа қабылданған қызметкерлерге таныстыруға кадр бөлімі жауапты. Осы стандартта қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату тәртібі көрсетілген.

Профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына конкурстық тағайындау ережесі конкурстық тағайындау тәртібін айқындайды. «Сырдария» университеті 2016-2017 оқу жылына бос лауазымдарға конкурсты «Оңтүстік Қазақстан» газетінің №79/80 нөмірінде 21.05.2016 ж. жариялады. 25.08.2016 ж. конкурстық комиссия өз отырысын өткізіп, 21 қызметкер конкурстық іріктеудің нәтижесімен қызметке қабылданды. Қызметкерлерді марапаттау ережесінде ҚР заңнамалары және университет жарғысы мен ішкі нормативті құжаттар негізінде қызметкерлерді марапаттау тәртібі бекітілген. ПОҚ аттестаттау ережесінде ПОҚ аттестаттаудың тәртібі айқындалған.

Сонымен қатар, профессор-оқытушылар құрамына университет сайтынан ректор блогына тікелей талап-тілегін, өтінішін білдіруге де жағдай жасалған. Осындай берілген мүмкіндіктер университет басшылығының оқытушылармен шығармашылық тұрғыда тығыз байланыстылығын, ең бастысы, ұжым пікірімен санасатындығын көрсетеді.

Қазіргі таңда факультетте оқытушыларының жалпы саны 37 адамды құрайды, олардың 3-і ғылым докторы, 8-і ғылым кандидаты, ҚР мәдениет қайраткері 3, концертмейстр 1, және Жак доценті 1, 11-і магистр, 6-ы аға оқытушы, 4 оқытушы болып табылады. ПОҚ-тың ғылыми атақ дәрежесі 32% құрайды.

Мысалы: «Музыкалық білім» кафедрасының 17525 сағат, 20,5 штаттық бірлікте, «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасының 19210 сағат, 26 штаттық бірлікте,

Университет оқытушыларының біліктілігі, олардың сандық құрамы бакалавр, магистр, даярлау бағытымен толық сәйкеседі. Факультеттің білім беру қызметінің мамандармен қамтылуы лицензия талаптарына жауап бере алады.

Кесте 1.

«Музыкалық білім» кафедрасының БББ мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыратын ПОҚ мәліметі.

2012		2013		2014		2015		2016	
Барлығы	Дәрежесі	Барлығы	Дәрежесі	Барлығы	Дәрежесі	Барлығы	Дәрежесі	Барлығы	Дәрежесі
17	7(41%)	14	5(36%)	16	6(38%)	15	8(53%)	15	8(53%)

БББ бойынша қызмет ететін ПОҚ базалық білімі және сабақ беретін пәндері кадрлардың біліктілігіне сәйкес. БББ бойынша 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының бакалаврларын дайындайды. Бігіруші түлектер жалпы білім беретін мекемелерде, колледждер мен ЖОО қызмет жасай алады.

ПОҚ біліктілігі Лицензиялау ережесіндегі талаптарға сәйкес. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес ПОҚ қойылатын ұлттық нормативтік талаптар орындалған.

ПОҚ жүктемелік сағаттары мен ондағы пәндер құрамы «Оқу үдерісін ұйымдастырудың кредиттік оқыту технологиясы» ережесіне негізделген. Штат пән санына, оқу жүктемелерінің нормативіне, студенттер контингентіне сәйкес анықталып отырған.

БББ мақсатын дамытуда ПОҚ біліктілік әлеуеті жетілдіріліп отырады. Кадрлық саясатты ұйымдастыру мен жүзеге асыруда жаңашылдық, жүйелілік, нәтижеге жұмыс жасау, қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу ұстанымдары жатыр. Бұл нарықтық тәсіл адами капиталды қалыптастыру мен нығайтуға сүйенеді, адам ресурстарымен жұмыс жасау аумағындағы заманауи тенденцияларға жауап береді.

Мамандық шығарушы кафедралардың ПОҚ БББ дамыту, жетілдіру жолында үздіксіз еңбек нәтижелері оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерді баспадан шығаруынан көрінеді. «Музыкалық білім» кафедрасы ПОҚ соңғы бес жылда ЖАК ұсынылған журналдарға – 3 мақала, халықаралық конференция жинақтарына – 180 мақала, 4- оқулық, 3- оқу-әдістемелік құралы жарияланды, 4 электронды оқулық жарық көрген. «Музыкалық білім» мамандығының оқытушысы доцент Бөрі Иса шығармаларының топтамалары 2015жылы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрді. Оның ішінде «Желтоқсан» шығармасы Тәуелсіздік толғауы атты V республикалық конкурста ең үздік музыкалық шығарма номинациясы бойынша II орын және лауреат атағымен марапатталған.

Бөрі Иса шығармалары республикамыздың көптеген музыка мектептерінде музыкалық колледждерде музыкалық білім мамандығын бар жоғарғы оқу орындарының бағдарламасына енген. Бөрі Исаның «Желтоқсан», «Сағыныш», «Мерекелік күй», «Наурыз тойы» шығармалары көптеген облыстық филармония оркестрлері атап айқанда Шымкент, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе, Қарағанды, Орал, Ақтау қалаларында сондай-ақ Алматы қаласының «Отырар сазы» оркестрінің репертуарына енген.

Жұмыс оқу жоспарында белгіленген пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер дайындалған. Онда оқу пәнінің силлабусы, дәрістер, семинар сабақтың жоспары, СӨЖ тапсырмалары, бақылау түрлері, оның сұрақтары мен тапсырмалары, рейтинг тапсырмалары, емтихан материалдары берілген.

Профессор-оқытушылар құрамының жеке жоспарында оқу жылында орындалатын жұмыстардың барлық бағыты қамтылған. Жыл барысында орындалатын сағат жүктемелерінің орындалуы, оқу-әдістемелік жоспар негізінде құжаттамалар құрастыру, ғылыми зерттеу жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру барысындағы әдістемелік бағдарлар, тәрбие жұмысы, біліктілік мәселелері бірізділік жүйеде жоспараланған және кафедра мәжілісінде жан-жақты талқыланды.

Кадрларды жоспарлау, персоналды басқару ЖОО-ның мүдделері мен оның қызметтерінің мүдделерін ескере отырып әзірленеді. Қызметкерлерді ұйымдастыру, еңбек қарым-қатынасына енгізу және дамыту іс-әрекеттері HR стратегиясы арқылы жүзеге

асырылады. Кадрлық ресурстарды дамытумен байланысты стратегияны жүзеге асыруда тиімді механизмдер енгізілген.

ПОҚ ЖОО оқытушысының Кодексіне сай қызмет атқарады. Университеттің Ғылыми кеңесінде «29» тамыз 2015 ж. бекітілген ішкі тәртібінің Ережесіне сай оқытушылар жұмысқа қабылданып, марапатталады. Университеттің сапа менеджменті, аккредиттеу және мониторинг бөлімі ПОҚ-ның, қызметкерлердің жұмысқа қанағаттанушылығы жөнінде сауалнама өткізеді, нәтижесі кафедра мәжілісінде қарастырылған.

ПОҚ құзыреттілігін бағалау, сапалық құрамын анықтау мақсатында жүйелі бағдарламалар қалыптасқан. БББ – ПОҚ – студент қарым-қатынас құзыреттілігінің нәтижесін анықтау бірнеше формада жүргізіледі: ішкі бағалау және ішкі тұтынушылардың сапасы мен біліктілік деңгейін анықтау және сыртқы бағалау.

ПОҚ құзыреттілігін арттыратын механизмдердің деңгейі «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы арқылы анықталады. Сауалнама нәтижесінде әрбір мамандық оқытушысының біліктілік сапасы бес балдық жүйемен бағаланады. Оқу үдерісіндегі дәріс оқу сапасының тиімділігін бағалау мақсатында оқытушылар өзара сабаққа еніп, тәжірибе алмасады. Кафедрадағы жас оқытушылар тәжірибелі мамандардан кеңес алып, педагогикалық қабілетін дамыту жұмысы қолға алынған.

Оқытушылар студент білімін бағалауда оқу үдерісіне инновациялық әдістерді енгізуде және өз деңгейін көтеруде белсенділік және айқындылық танытып келеді. Оқу орны оқытушыларға білім деңгейін көтеріп, әдістемелік жаңалықтарды игеруіне, оқытушыларға тиімді жұмыс атқаруға жағдай жасауда және жетістіктері үшін марапатталған.

Университетте жоспарлы аттестация, сабаққа қатысуды бақылау, жоспарлы әлеуметтік сауалнамалар, кәсіби жетістіктерін бағалау тұрақты түрде жолға қойылған. Университетте жасалған аттестаттау механизмі оқытушылардың қызметтік міндеттері контекстінде олардың әрекеттерінің кешендік бағалануын қамтамсыз етуге мүмкіндік береді.

Аттестация форматы соңғы үш жылдағы оқытушының ғылыми және оқу-әдістемелік жетістіктерін талдауды; оқытушының кәсіби деңгейі туралы кафедра студенттері мен жетекшілердің қоғамдық пікірін бағалауды; сабақ өту сапасын сараптауды қамтиды. Нәтижесінде университеттің жоғарғы басшылығының өкілі басқарушы аттестациялық комиссия оқытушының қызметтік лауазымына сәйкестігі туралы қорытынды жасап, кәсіби дамуын жетілдіруді ұсынады. Статистикалық график бойынша аттестатталатын оқытушылардың 100% атқаратын лауазымдарына сәйкестігі бекітілген.

Университет оқытушыларының құзыреттіліктерін бағалау үшін ПОҚ білім беру мекемелерінде, өндіріс орындарында мастер-класстар өткізіп, тәжірибе алмасып, шыңдалады. Оқытушының құзыреттілігін, ғылыми жетекшінің біліктілік деңгейін көтеру бағытында дипломдық жұмыстарды (жобаларды) жұмыс берушілердің қатысуымен қорғау дәстүрге айналған.

Факультетте білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу үшін тіл табыса білу мақсатында студентті орталықтандыру енгізуде төмендегілерді ұсынады:

- 1) оқытушы көмекші болады, білім алу жауапкершілігін оқытушы мен білім алушы қатар көтереді;
- 2) білім алушы жеке тұлға ретінде оның тәжірибесі, ерекшелігі, парасат-пайымы, қабілеті, мүддесі мен қажеттіліктері есепке алынып қарастырылады;
- 3) білім алушы үрдіске танысу, зерделеу үшін тартылған;
- 4) оқыту үрдісі тек білімді жеткізу емес, анағұрлым тереңірек түсінік пен сыни тұрғыда ойлаудың қалыптасуы болып табылады.

ААЖ «Platonusta» басшылықтың ақпарат құралдары мен оқытушылар каталогы болып табылатын университет оқытушылары туралы мәліметтер қоры берілген. Мәліметтер қоры құрылымынан оқытушылардың әдістемелік және ғылыми жарияланымдары, өткен біліктілік арттыру курстары, берген есептері және т.б. туралы ақпарат алуға мүмкіндік бар.

Мәліметтер қорына енгізілген ақпараттар әрбір оқытушының кәсіби даму мониторингін жүзеге асыруға, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу контекстінде академиялық рейтингін бақылауға мүмкіндік береді.

Университетте ғылыми-білім беру қорын қолдау мақсатында оқытушылар мен білім алушыларға ағылшын тілін тегін оқытады. «Тілдер» кафедрасында студенттердің коммуникативті дағдылары мен өзара пікір алмасу мәдениетін дамытуға арналған «English club», «Ағылшын тілі» үйірмелері құрылған. «English club» үйірмесінде барлық мамандықтар бойынша 1-4 курс студенттері қатысады.

Оқу барынында британдық баспа оқулықтары, сонымен қатар, аудио, бейне материалдар қолданылады. Бағдарлама оқу, жазу ережелері, тыңдау, сөйлесу, грамматика, сөз қорын қамтиды. Нәтижесінде ағылшын тілін игергендігі жөнінде куәлік табысталады.

Оқытушылар біліктіліктерін көтеру, іс-тәжірибеден өту, курстар нәтижесінде оқу үрдісіне қатысты білімдерін жетілдіреді, сабақ беру сапасын жақсартуға қалыптасады, өндіріс талаптарына сай жоғары біліктікті маман даярлауда жаңа технологияларды қолдана отырып тақырып менгерту әдістерін қолдануға машықтанады.

Факультетте біліктілік көтерудің нормативті мерзімін қадағалап отырады. Бүгінгі таңда факультетте профессор-оқытушылар құрамында 5 жыл көлемінде біліктілігін арттырмағаны жоқ.

ПОҚ-тың біліктілігін арттыру білім беру қызметіндегі көрсетілген мамандықтар бойынша педагогикалық бағыттарда жүргізілген.

Университет басшылығы арасында да біліктілік арттыру жүйесі кеңінен қолдау тапқан. Білім беру менеджменті мәселелері бойынша біліктілік арттыру семинарлары нәтижесін ректор, проректор және бөлім басшыларының тәжірибеде қолдануы оң бағыт беріп келеді.

Профессор-оқытушылардың тұлғалық даму жағдайларын жасауға әлеуметтік қолдау іс-шараларының кешені, соның ішінде университетте медициналық қызмет көрсетуге жеңілдіктер, барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларындағы жаттығу залдарын, ғаламтор-арналарын тегін пайдалану құқығы жол ашады.

Ынталандыру формалары болып сонымен қатар лауазымдық жүктемеге; импакт-факторы бар ғылыми журналдарға мақалалар жариялағаны үшін сыйақылар; білім бағдарламалары шеңберінде СОӨЖ ұйымдастыру бойынша әдістемелік жасалымдарды басуды қаржыландыру; «Оңтүстік Қазақстанның білімі мен ғылымындағы» жарияланымдарға жеңілдіктер ұсыну; импакт-факторлы журналдаға жариялау үшін оқытушылардың ғылыми мақалаларын ағылшын тіліне тегін аудару; электрондық оқулықтарды тегін техникалық безендіру мен оларды мемлекеттік тіркеу.

Факультет профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру жүйесі оқытушының жеке тұлға ретінде мотивациясын көтеруге бағытталған. _____: _____

Факультеттің штатты қызметкерлерінің тұрмыс жағдайын жақсарту, шығармашылық дамуы мен әлеуметтік қолдауды жетілдіре түсу мақсатында ұзақ жылғы қызметінің жемісі, жұмысына деген ұқыптылық, мерейтойлық мерзімдер, материалдық көмек, ПОҚ-тың толымды әдістемелік және ғылыми жұмыстарына сыйақылар, жыл қорытындысы бойынша сыйлықтар, әлеуметтік көмек, т.б. жеңілдіктер қарастырылған.

Қызметтеріне талдау жүргізу нәтижесінде әрбір оқытушы мен қызметкерге кәсіби өрлеуі мен жеке тұлға ретінде өсуіне жағдай қарастырылған.

Бұған қоса, факультетте оқытушының жеке тұлға ретінде дамуына қажетті жағдайлар жасалған. Университет кітапханасында оқу залы мен мерзімді ғылыми баспасөздер залы студенттердің, магистранттар, оқытушылардың еркін қолдануына мол мүмкіндік берілген.

Оқытушыларға барлық оқу корпустарындағы кітап қоры мен электронды ресурстарды қолдануға, халықаралық келісіліп, қол қойылған дерекқорларды тегін пайдалануға; халықаралық келісіліп, қол қойылған дерекқорларды қолдана отырып оқытушылар тегін тренингке қатысуға, оқып білімін жетілдіруге, тапсырыс бойынша кафедра оқытушылары оқулықтарының тематикалық жүрмелі көрмесін ұйымдастыруға мүмкіндік берілген.

Университетте басқару жүйесінің жайы мен факультет басшылығының жұмысы жөнінде оқытушылармен әлеуметтік сауалнамалар жүргізіліп отырады.

Күшті жақтары:

- ПОҚ-тың қоғам өміріне қатысуы (ПОҚ-тың білім беру жүйесіндегі, ғылымның, өлкенің дамуындағы, мәдени ортаны жасауындағы рөлі, көрмелерге, шығармашылық жарыстарға, қайырымдылық бағдарламаларға және т.б. қатысу) маңызды фактор болып табылады.

Әлсіз жақтары:

- ББ басшылығы ПОҚ ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуына қолдау жасауын көрсетуі тиіс.

- ББ іске асыру барысында академиялық ұтқырлықты дамыту, таңдаулы шетел және отандық оқытушыларды тарту, бірлескен зерттеулерді жүргізу маңызды фактор болып табылады.

- Оқытушының жұмыс жүктемесі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми жұмысты (жобалар мен өтініштерді әзірлеу), ұйымдастыру-әдістемелік (әртүрлі шараларды ұйымдастыру және қатысу), кәсіптік біліктілігін арттыруды (біліктілікті жетілдіру, тұлғаның жеке дамуы мен мамандық бойынша әдебиетті зерттеу), кәсіби ортадағы қызметті (мысалы, кәсіби қауымдастықтарға қатысу және консалтинг) қосуы тиіс.

Қорытынды: «Профессорлық-оқытушылық құрам және оқыту тиімділігі» стандарты бойынша 18 талап анықталды, оның 1-уі күшті позиция, 14-і қанағаттанарлық, 3- жақсартуды қажет етеді.

Жақсарту шаралары: Ғылыми зерттеулер мен оқыту арасындағы байланысты қамтамасыз ету мақсатында ПОҚ-тың ғылыми зерттеу тақырыптарын белсенді қалыптастыруда құзыреттілік қорытындысының нәтиже беруі және еңбек нарығы талаптарын ескеру.

СТАНДАРТ «БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ЖҮЙЕСІ»

Жатақхана тәулік бойы күзетте және онда видео-бақылау орнатылған. ҚР жоғарғы оқу орындары Ассоциациясымен Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхананың ресурстарына қол жетімділік туралы келісім шарт жасасқан. Келісім шартқа сәйкес оқытушылар мен студенттер кітапхана қорын пайдаланады.

Барлық оқу дерісханалары интербелсенді тақта, жиназдармен, мамандыққа байланысты стендтермен жабдықталған. ББ-ын іске асыру нәтижесінде материалдық-техникалық база, ақпараттық және кітапханалық қорлар жасақталған.

Кесте 1.

Есеп беру кезінде факультет аудиторияларының алаңы

№	Мамандық атауы	Аудитория атауы	Шаршы метрі
1	5B010600–«Музыкалық білім»	«Музыка тарихы мен теориясы» (№4)	57,2 шаршы метр
2		«Оркестр класы»	37 шаршы метр
3		«Сольфеджио» (№ 2)	57,2 шаршы метр
4	5B010700–«Бейнелеу өнері және сызу»	«Кескіндеме» (№26)	57,2 шаршы метр
5		Сурет (№25)	37 шаршы метр
6		Бейнелеу өнер тарихы теориясы (№24)	37 шаршы метр
7	5B012100–«Кәсіптік оқыту»	«Кәсіптік оқыту» (№ 3)	37 шаршы метр
8		«Тігін шеберханасы» (№29)	37 шаршы метр
9		«Шеберхана»	
10			
11	5B042100 –«Дизайн»		
12		«Дизайн тарихы мен теориясы» (№ 23)	37 шаршы метр
13		«Тігін шеберханасы» (№17)	37 шаршы метр
14		«Дизайн» (№5)	57,2 шаршы метр
15		«Гобелен» (№50)	37 шаршы метр
16			

Мамандық бойынша студенттер 16 аудиторияда білім алады: 100 орындық дәрісхана (№1), спорт залы 515кв.м., спорт алаңы 690кв.м. және компьютерлік сыныптарда жүзеге асырылған.

Кітапханаға жаңа түскен әдебиеттер саны, оның ішінде:

- 2013-2014 оқу жылы – 55987 дана, оның ішінде қазақ тілінде – 42893 дана (76%);
- 2014-2015 оқу жылы – 56061 дана, оның ішінде қазақ тілінде – 50436 дана (89%);
- 2015-2016 оқу жылы – 335900 дана, оның ішінде қазақ тілінде – 277225 дана (82%).

Кітапхана қоры мемлекеттік сатып алу бойынша ғана емес, жеке тұлғалардың, басқа мекемелердің сыйға тартқан кітаптары, мерзімді басылымдар арқылы толықтырылған.

Кесте 2.

Мамандық бойынша кітапхана қорын толықтыру

Шифры, мамандық атауы	2013	2014	2015
	теңге	теңге	теңге
5B010600- «Музыкалық білім», 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу» 5B012000- «Кәсіптік оқыту», 5B042100 «Дизайн»	1055088	744000	1525000

2013-2015жж. кітапханаға түскен жаңа әдебиеттер - 335900 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде – 259031 дана, ол 77% құрайды.

Кітапханалық қорларға электрондық қолжетімділік төменде көрсетілген университеттің <http://sirdarya.narod.kz> сайтының парақшалары арқылы жүзеге асады: кітапхананың электрондық каталогы, электрондық кітапхана, Библиографиялық нұсқаулықтар мен тізімдер, алынған ақпараттық қорлар, жаңа түсімдер, кітапханада жазылған мерзімдік басылымдар тізімі берілген.

Есеп беруші мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік және ғылыми оқулықтар кітап қоры - 335 900 бірлікте, соның ішінде қазақ тілінде 276 525 дана. Оқу-әдебиеттер қоры- 135000 дана, оның ішінде мемлекеттік тілінде 120000. Оқу-әдістемелік әдебиеттер қоры-119 900 дана, оның мемлекеттік тілде 116 525 дана. Ғылыми әдебиеттер қоры- 80 000 дана, оның мемлекеттік тілінде 40 000 дананы құрайды. Университеттің ПОҚ оқулық және оқу-әдістемелік баспа, электрондық тасымалдау қоры- 6403 дана, оның ішінде мемлекеттік тілінде 3100 дана. Мамандық студенттерінің пайдаланатын әдебиеттер қоры 154 бірлікте.

«Kazakh Soft» компаниясы өңдеген «КАБИС. Standard» (Қазақ автоматтандырылған кітапханалық ақпараттық жүйесі) лицензияланған кітапханалық бағдарламасы енгізілген (қосымша 34). «КАБИС Standard» - кітапхана қорын жинақтау, электронды каталогты ұйымдастыру, ақпараттық ізденісті жүзеге асыру үшін өңделген бағдарлама. «КАБИС» автоматтандырылған кітапханалық бағдарламасы «Әкімшілік», «Каталогизатор» модульдерден тұрады: Электрондық каталог мәліметтер базасына 6630 библиографиялық жазбалар енгізілген. Электрондық каталог төмендегі автоматтандырылған жұмыс орындарынан тұрады: «Кітаптар», «ПОҚ еңбектері», «Диссертациялар мен диссертациялардың авторефераттары», «Мақалалар», «Электрондық басылымдар», «Мерзімді басылымдар».

Университетте қолданушыларға қызмет көрсетудің инновациялық моделі іске қосылған. Бағдарламалық қамсыздандыру ретінде «КАБИС» бағдарламасы қолданылады, ол 2 модуль ішінде барлық кітапханалардағы үрдіске қызмет көрсетеді: «Комплекттеуші», «Каталогизатор», «Оқырман», «Кітаппен қамту», «Кітап беру», «Әкімшілік». Пайдаланушыларға заманауи анықтама – библиографиялық аппарат берілген: «Электронды каталог, мақалалардың электронды тізбесі, авторефераттар мен диссертациялардың электронды тізбесі». Каталогпен жұмыстың екі түрі жүргізіледі: электронды және дәстүрлі (карточкамен). Электронды каталогтің жалпы көлемі 6630 библиографиялық жазылым. Электронды каталог 9 мәліметтер базасынан тұрады: «Кітаптар», «Мақалалар», «Газет-

журналдар», «ПЮК еңбектері», «Сирек кітаптар», «Электрондық қор», «Оқырмандар», «ОҚО». Электронды каталог кітапхана қорының 2011 жылдан осы күнге дейінгісін көрсете алады.

Электронды қордың құрамы: электрондық оқулықтар, профессор-оқытушылар құрамының электронды түрдегі еңбектері, Интернет ресурстары, мәлімет базалары.

Электрондық тасымалдағыштардағы қоры - 6630 дана, оның ішінде мемлекеттік тілде – 74,8% құрайды. Электронды оқулықтар 200 дана.

Сайттағы кітапхана беті жүйелі түрде жаңартылған және университеттің сайты арқылы қолжетімділік ұйымдастырылған.

Компьютер паркінде оқыту бағдарламасына сәйкес келетін, оқу үрдісінде кафедрада пайдаланып жүрген 4 компьютер бар. №18, 19, 20, 23, 25, 26 компьютерлік сынып, 6 мультимедиялық компьютерлік сынып бар, оның 6-ы интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген. Оқу үдерісінде 150 компьютер қолданылып, оның 134 жаңа үлгіде және интернет жүйесіне қосылған.

Ақпараттар базасы үнемі жаңартылып, кеңейтіліп, жетілдіріліп тұрады.

БББ негізінде оқытушылар мен студенттерге қызмет көрсететін бірыңғай ақпаратпен қамтамасыз ету жүйесі құрылған.

Оқырмандарға кітапхананың кітап қорын пайдалануына мүмкіндік жасалған.

2015-2016жж. әдебиеттер қоры 1 студентке шаққанда 156,7 бірлікте. Оқырмандарға қызмет ететін кітапханалық- ақпараттық база - 877,8 шаршы метрді құрайды.

Кітапхананың жалпы көлемі 877 кв.м. Оның құрамында: 5 оқу залы, 3 электронды оқу залы (оқу, ғылыми және қоғамдық саяси, әдеби әдебиеттер), 4 оқу залы (Бас ғымараттағы оқу залы- 204,7 орын, биология корпусындағы оқу залы -73,5 орын, жатақханадағы оқу залы- 147,2 орын, орталық корпустың оқу залы -98,9 орын), 1 электронды ақпараттық зал (111,4 орын) интернет жүйесіне қосылған.

Университет 2010 жылдан бастап Қазақстанның Республикалық университет аралық кітапханасына қосылған <http://www.rmebrk.kz>.

Кесте 3.

Факультеттің компьютерлік жабдықтармен қамтылуы

№	Жабдықтың атауы,	Шыққан жылы	Жабдықтың маркасы	саны
1	Жеке компьютер	2014	hp	24
2	Принтер сканер	2009	CanonMF4010	3
3	Принтер	2007	HP Laser 1018	6
4	Проектор	2014	Optoma	3
5	Интербелсенді тақта	2014	Ip board 85	4

Университетте компьютерлер интернет жүйесіне қосылған. Пайданушыларға сапалы ақпараттық-кітапханалық қызмет көрсету үшін электронды оқу залында– Интернет ақпараттық ресурстарымен; электрондық оқулықтармен; электронды каталогтармен; мәлімет базаларымен қамтамасыз етілген. Электронды оқу залында Интернет желісіне қосылған.

Интернет жылдамдығы төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 4).

Кесте 4.

Интернет жылдамдығы

2013-2014	2014-2015	2015-2016
16мб/с	16мб/с	100мб/с

Кітапханалық қор баспалық және электрондық формадағы жаңа басылымдармен жүйелі түрде толықтырылған.

«SpringerLink», «Полпред», «Thomson Reuters ISI Web of Knowledge», «Science», «Elsevier», «EBSCO» мәліметтерінің мультидисциплинарлық базасына, (Ғылыми электрондық кітапхана платформасында) жоғары сұраныспен университет оқырмандары үлкен сұраныспен пайдаланатын ашық қолжетімділікте ғылыми журналдардың электрондық версияларына, қазақстандық: «ҚазПатент», «ҚР стандарттары», «Адам құқығы бойынша сандық кітапхана», «Заң», «РМЭБ» мәліметтер базасына on-line қолжетімділік ашылған.

Университетте тегін интернет Wi-Fi жүйесі қызмет жасайды.

Кафедраның жанында психологиялық кеңес беру орталығы жұмыс жасайды. Университет оқытушылары мен студенттерге, аудан тұрғындарына, мектеп оқушыларына оқу және кәсіби қызметтік, жекелік мәселелер және ҰБТ-ға психологиялық даярлығын қалыптастыру, оқу үрдісін тәжірибемен ұшпастыру, ғылыми-зерттеу жұмыстары жүзеге асырылған. Сонымен қатар, психологиялық ерекшеліктерін терең зерттеу және ұжымда үйлесімді ахуалды қалыптастыру, психологиялық кеңес беру, түзету, диагностика және алдын алу, аудан мектептерінің психологиялық қызметтеріне кеңес береді.

Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жаңарту жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырады. Мамандық шығарушы кафедралар интерактивті тақталармен, компьютерлермен қамтамасыз етілген. «Музыкалық білім» кафедрасында 12 компьютер, 2 принтер, 1 интерактивті тақта. «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасында 4 компьютер, 3 принтер, 1 интерактивті тақта бар.

Университеттің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жаңарту жұмыстары тұрақты жүргізіліп отырады. Мамандық шығарушы кафедралар интерактивті тақталармен, компьютерлермен қамтамасыз етілген.

Жұмыс берушілермен кері байланысты ұйымдастырудағы келесі бағыт мекемелерден, ЖОМ, колледж, ЖОО мамандарының қатысуымен түрлі семинарлар, конференциялар, кеңестер, дөңгелек үстел өткізу болып табылады.

Сауалнама өткізу арқылы жүзеге асырылатын оқу үдерісін ұйымдастыру сапасына студенттер мен магистранттардың қанағаттануын анықтайтын тұрақты мониторингі ресурстардың жеткіліктілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуші және білім алушыларды қолдау жүйелерінің маңызды элементі болып табылады.

Сауалнама «Platonus» ААЖ-де электронды түрде жүргізілген. Білім алушылар өз пікірлерін оқытушылармен, кафедра меңгерушілерімен, факультет деканымен өткен ауызша сұрақтар мен әңгіме уақытында білдіре алады.

ЖОО-ды басқаруда білім алушылардың қатысуын ұлғайту және олардағы белсенді түрдегі азаматтық позициясын, университет қызметіне деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру үшін, сонымен қатар білім беру процесі мен оның жеке құрамдарының сапасына студенттердің қанағаттанарлық дәрежесін анықтау, олардың пікірлерін зерттеу мақсатында келесі тақырыптарға сауалнамалар мен социалды сұрақтар жүргізілген:

- 1) «Оқытушы студент көзімен»;
- 2) Жұмыс берушінің сауалнамасы;
- 3) «1 курс студенттерінің ЖОО-на бейімделуі» сауалнамасы;
- 4) «Студенттердің білім беру нәтижелеріне қанағаттануы» сауалнамасы;
- 5) «ЖОО-ның ғылыми-зерттеу жұмыстарына студенттер мен магистранттардың қанағаттануы» сауалнамасы;
- 6) «Жеке дамуы мен тәрбиесі үшін жасалынған жағдайларға білім алушылардың қанағаттануы» сауалнамасы;
- 7) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» сауалнамасы;
- 8) «ЖОО студенттері мен магистранттарының өздеріне көрсетілетін қолдау қызметтеріне қанағаттануы» сауалнамасы;
- 9) «ПОҚ-тың жоғарғы оқу орнына қанағаттануы».

Оқу үдерісін ұйымдастырғанда университет ақпараттық технологияларды пайдалану деңгейін арттыруға жұмысы жүргізіліп отырған. Университетте оны енгізу арқылы:

- 1) оқу процесінің ашықтығының деңгейін арттыру;
- 2) оқу процесіндегі құжат айналымын автоматтандыру;
- 3) білім алушылардың жеке оқу жоспарларының орындалуын бақылауды жеңілдету сияқты мәселелерді шешуге мүмкіндік берген «Platonus» ААЖ жұмыс істейді.

Білім беру процесіндегі мәселелер бойынша студенттер мен магистранттар оқу ретін таңдауға (жеке оқу жоспарын жасақтауға) және оқу кезеңіндегі білім беру бағдарламасын меңгеруге қолдау көрсететін – эдвайзерге жүгіне алады, сонымен қатар білім беру процесін

ұйымдастыруға байланысты барлық мәліметтерді студенттер мен магистранттар анықтамалармен академиялық күнтізбеден көре алады.

Кез-келген уақытта студенттер «Platonus» ААЖ-де орналасқан мекен жайлар бойынша ұжымдық пошгаларға жүгіне алады, сонымен қатар онда тіркеу бөлімі, қабылдауды ұйымдастыру және электронды сүйемелдеу бөлімі мамандарының, факультет деканатарының телефондары көрсетілген.

Берілген сұрақтың мазмұнына қарай студенттер мен магистранттар жауабын бірден сол жерден немесе өтініш жазу арқылы нормативті құжаттармен белгіленген уақыт ішінде ала алады.

Оқу процесі кезінде проблемалар туындаған кезде, мысалы: жеке кесте бойынша емтихан тапсырғанда білім алушы дәлелдейтін құжаттарды: ауруы туралы, баласының дүниеге келуі, жақын туыстарының өлім жайлы анықтамаларды, қызметтік немесе оқу іссапарына байланысты құжаттарды ұсына отырып өз факультетінің деканатына жүгінеді.

Егер студент курс бағдарламасын толық көлемде орындап, бірақ ең төменгі өту ұпайын жинай алмаса, өзінің үлгерімінің орташа ұпайын (GPA) арттыру мақсатында ақылы түрде жазғы семестрде кейбір пәндерді қайта оқуына мүмкіндік беріледі.

Білім алушының емтихан нәтижелерімен келіспеген жағдайында ол апелляцияға арыз бере алады. Апелляциялық жағдайларды сараптауда анықталғандай мұндай жағдайлар көбіне студент дұрыс жауаптың бірнеше варианты бар деп есептегенде туындайды.

Білім алушылардың қажетті оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпараттарға қол жеткізуін оқу процесін басқарудың автоматты ақпараттық жүйесі ретінде ұсынылатын «Platonus» ААЖ-не сілтемесі бар (www.sirdariya.kz) арнайы сайты қамтамасыз етеді.

«Platonus» ААЖ-де студенттер мен магистранттардың үлгерімін қадағалауға арналған, студенттер мен магистранттардың білімін, білім алу жетістігін бақылайтын істейді. Модуль студенттердің аралық бақылауларының, қорытынды және мемлекеттік аттестацияларының бағасын қойып отыруға мүмкіндік береді. Қойылған бағалар негізінде емтихандық-рейтингті және қорытынды тізімдемелер қалыптасады, сонан соң студент пен магистранттың келесі курсқа ауысуы жүзеге асырылады.

Білім беру траекториясы бойынша студенттер мен магистранттардың мониторингі жыл бойы, ал жетістіктерді қадағалап отыру төмендегідей жүзеге асырылады:

- тьютор журналындағы білім беру бағдарламасы пәндері бойынша әр аптадағы жетістіктерді бағалау;
- диссертациялық зерттеулер тақырыптары бойынша баяндамаларымен әр түрлі ғылыми-тәжірибелік конференцияларға магистранттардың қатысуы;
- кафедра отырысында немесе ғылыми-әдістемелік семинарда есеп тыңдау.

Әкімшілік пен ұжым арасындағы қолданыстағы кері байланыс жүйесі, «Таза сессия» жүйелі акциялары, құрамына студенттер де кіретін жемқорлыққа қарсы комиссия жұмысы, студенттердің өзін-өзі басқару тарапынан жасалынатын бақылау пара алу мен жемқорлықты болдырмауға мүмкіндік береді. Мұндай шаралар университетте жыл сайын өткізіледі. Солардың нәтижесінде анықталған кемшіліктерді жою және жұмысты жақсарту бойынша жүргізілетін шаралардың жоспары жасақталған.

Электронды түрде өздеріне қызықты тақырыптар бойынша сұрақтар қоя алатын мүмкіндіктері бар студенттермен магистранттар, жұмыскерлерге және мүдделі тұлғаларға бағытталған, пікір алмастыру үшін университетте кері байланыс жұмыс істейді.

Университет сайтында тікелей ректорға хабарласуға тілек білдірушілерге мүмкіндік беретін ректор блогы бар. Университет блогы жүйесі кез келген уақытта жалпыға бірдей көруге мүмкіндік беретін үнемі жаңартылатын сұрақтар мен жауаптардан тұрады. Ректор блогынан басқа, «Platonus» ААЖ-де білім беру процесі қатысушыларының қатынастары жеке хабарламалар, чаттар мен форумдар арқылы жүргізілген. Жеке хабарламалар жүйесі

формат жағынан электронды поштаға ұқсас, тек қана жүйе қолданушыларына ғана арналған. Әрбір қолданушының келген және шыққан хабарламалары оның жұмыс бетінде көрінеді.

Күшті жақтары:

- ЖОО материалдық, қаржылық және адами ресурстардың жеткілікті екендігі көрсетілген.

Әлсіз жақтары:

- ҒЗЖ нәтижелерінің, бітіру жұмыстарының, диссертациялардың сараптамасы;

- ББ басшылығы оқу әдебиеттер мен оқу әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету кезінде авторлық құқықтың сақталуын қаматамасыз ету керек.

Қорытынды: «Студенттердің білім беру ресурстары және қолдау жүйесі» стандарты бойынша 19 өлшем айқындалды, оның 1-уі күшті позицияға ие, 16 - қанағаттанарлық және 2 - жақсартуды ұйғарды.

Жақсарту шаралары:

- ЖОО бітірушілердің дипломдық және диссертациялық жұмыстарының көшірілгенін анықтап отыратын «Антиплагиат» бағдарламасын енгізу жұмыстары жүргізілсе.

СТАНДАРТ «АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ»

Заманауи ақпараттық және телекоммуникативтік құралдарды, сондай-ақ оқытудың озық технологияларын педагогикалық практикаға әзірлеу және ендіру барысында ЖОО-ның ақпараттық ортасын жетілдіруге негізделген білім берудің жаңа парадигмаларын қалыптастыру бүгінгі таңда жоғары оқу орнын дамыта түсудің маңызды стратегиялық міндеті ретінде қарастырылады. 5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының бакалаврларын даярлауда БББ тиімді менеджменті үшін маңызды ақпараттарды жинау, талдау және таратуды жүйелі түрде қамтамасыз етілген.

Негізгі ақпарат «Өнер» факультетінің студенттеріне ЖОО <http://www.sirdariya.kz> сайты арқылы берілген. Факультеттің барлық студенттерінің логині мен паролі бар, сайтқа еркін кіре алады.

Ағымдық межелік (7,15-апта) және қорытынды бақылау (емтихан) өткізу ережелері, білімгерлер білімін бағалау саясаты, пәннің оқыту картасы және басқа да ақпараттар барлық пән бойынша силлабуста көрсетілген. Блок-рейтингтік аптаға дейін ПОҚ білімгерлерді 100 балдық жүйеде бағалап (практикалық, семинар сабақтары, СОӨЖ, СӨЖ және т.б.), «Platonus»қа ендірілген. «Platonus» бағдарламалары жүйелі ауыстырылып тұрадығы көрсетілген.

Электрондық ақпараттық ресурстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кітапхана сайты ашылған (<http://www.sirdariya.kz>), ол университеттің электронды каталогында орналасқан электронды кітапханасына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Кітапхананың электронды каталогында ақпараттарды Интернет желісіне қосылған компьютерлерден іздеп тауып алуға болады, университеттің электронды оқулықтар осы бетте көрсетілген: <http://ko-sirdariya.kz/260.htm> «Бейнелеу өнері тарихы және теориясы» атты электрондық оқулық 231-і нөмерде тұр, сілтеме: <http://89.218.153.154:280/CDO/2005-2006/BeineleuOnerKirispe/Main.html>

Ал «Туризм және экскурсиятану» атты электронды оқулық 160-і нөмерде тұр, сілтеме: <http://89.218.153.154:280/CDO/2012-2013/Turizm/Turizm.html>. «Дизайн негіздері»

электрондық оқулық, сілтеме: <http://89.218.153.154:280/CDO/2013-2014/DizNegiz/DizNeg.html>

«Кәсіптік оқыту пәнінің әдістері» электрондық оқулық, сілтеме: <http://89.218.153.154:280/CDO/2013-2014/KasipOKT/KasipOKT.html>.

ЖОО-да БББ мен басқа да іс-шаралар жөніндегі ақпаратты жинау мен талдаудың тиімді үдерістері БББ сапасын қамтамасыз ететін ішкі жүйеге кірген. Университет сайтындағы хабарландыру бөлімі, ректорат, университет ғылыми Кеңесі, факультет Кеңесінің және «Музыкалық білім» және «Бейнелеу өнері және дизайн» кафедрасы меңгерушілерінің өкімдері білімгерлерге ақпараттарды жеткізу амалдары болып табылады.

2008 жылдың желтоқсан айынан бастап университеттің «7 Сыр» республикалық басылымында оқу-тәрбие үдерісіндегі ақпараттар, студенттер, магистранттар мен профессор-оқытушылар құрамының танымдық-эстетикалық, ақпараттық, ғылыми-көпшілік шығармашылығы баспасөз бетінде үнемі жарияланып, кәсіби бағдарда жарнамалық публикациялар студенттік контингентті тұрақты қамтамасыз етуге септігін тигізіп отыр.

ЖОО сайтында «Музыкалық білім», «Бейнелеу өнері және сызу», «Кәсіптік оқыту», «Дизайн» мамандықтарының барлық білім бағдарламалары: мамандықтың оқу-әдістемелік кешені, барлық пәндердің оқу-әдістемелік кешендері, элективті курстардың каталогы, ректораттың өкімімен жүргізілген элективті курстардың презентациялары туралы толық және объективті ақпараттар жүйелі түрде жарияланған.

Университет сайтында «Жаңалықтар», «Университет туралы», «Ғылыми кеңес», «Факультеттер», «Бөлімдер», «Жастар», «Абитуриент» тараулары бар. Қызметтің әр түрлі салаларындағы қызықты оқиғалар, жетістіктер (жаңалықтар, хабарландырулар түрінде), үздік оқытушылар, студенттер, ЖОО түлектері, олардың жетістіктері туралы ақпарат енгізілген.

Сайтта мемлекеттік органдар, университет серіктестерінің сайттары, ақпараттық порталдарына, басқа да Web-ресурстарға сілтемелер берілген.

Сайт университетті ғаламтор жаһандық желісіне қосылған, университет беделін қалыптастыруға себептеседі, абитуриенттер, оқушылар, жұмыс берушілер, түлектер, университет қызметкерлеріне арналған ақпараттық ортаны қамтамасыз етеді, ақпараттық барлық қоғам үшін ашықтығы мен қол жетімділігі қамтамасыз етілген.

Оқу барысында студенттерге дәрістерді, кеңестерді, тестілеулерді виртуалдық қалыпта өткізу арқылы; электрондық оқулықтар, мультимедиялық презентациялар, оқыту бағдарламалары арқылы; аралық және қорытынды аттестация шеңберінде «PLATONUS» автоматтандырылған ақпараттық жүйе көмегімен компьютерлік тестілеу арқылы; логин-кодтар арқылы үлгерімнің электрондық журналына қол жетімділік; электрондық ресурс залдары арқылы қамтамасыз етілген.

Күшгі жақтары:

- білім алушылардың ББ жүзеге асыруына қанағаттануы.

Әлсіз жағы:

- ЖОО тұрақты түрде жаңарып тұратын ақпараттардың құрылымы мен көлемін, оларға жауапты тұлғалардың сенімділігін анықтап отыруы;
- ЖОО ақпараттың уақтылы, сенімді және толық болуын қамтамасыз етуі;
- формасы мен түрлеріне қарай білім алушылар контингентінің даму динамикасы;
- ББ басшылығы тәуекелдерді анықтап, болжамдау мақсатында ақпараттарды талдау мүмкіндігін қарастыруы;
- ЖОО ақпараттандыру және кері байланыс жүйесінің қызметін қамтамасыз етуі;
- Білім алушылар, қызметкерлер және ПОҚ өздері туралы жеке мәліметтердің өңдеуге қосылуына келісімін беруі.

Қорытынды: «Ақпараттарды басқару» стандарты бойынша 14 талап айқындалды, олардың 1 – күшгі позицияға ие, 7 – қанағаттанарлық және 6 – жақсартуды талап етеді.

Жақсарту шаралары:

- Кәсіби бағдар жұмысын күшейту арқылы білім алушылардың контингентін арттыру қажет.

СТАНДАРТ «КӨПШІЛІКТІ ХАБАРДАР ЕТУ»

«Сырдария» университетті ОҚО шалғайда орналасқан жалғыз ЖОО болып табылады, сол себепті оның имиджі мен ЖОО жұмысы жайындағы ақпараттар мәселесі – өте өзекті мәселе. Жариялауға арналған бұқаралық ақпараттар құралдары анықталған – бұл республикалық және облыстық газеттер мен теле-радио құралдары (Оңтүстік Қазақстан, Мақтаарал, -7-Сыр, Са-Нұр мақтарал аудандық телеканалы).

Барлық жариялаулар ақпараттық, имидждік, түсіндірмелі сипатта.

Сайтта факультет жайлы нақты анықтамалық ақпарат ұсынылады, мұнда талапкерлер, магистранттар білім беру ресурстары мен ЖОО басқа да қызмет түрлеріне қатысты өздеріне қызықты барлық сұрақтарға жауап ала алады.

Факультеттің жұмысы, білім беру бағдарламаларының ерекшелігі мен жүзеге асырылуы жайлы ақпараттармен қанағаттануды бағалау жыл сайын сауалнама, сұрақтар беру, кері байланыс арқылы, сонымен қатар, факультет деканы блогы арқылы жүргізіледі.

Білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері туралы ақпараттар әр түрлі. Факультет жұмысы мен мамандықтары жайлы тұрғындарды кең түрде хабардар ету мақсатында жыл сайын университетте кәсіби бағдарлау жұмыстарының жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес төмендегі жұмыстар жүргізілген:

1) жыл бойы білім алушылар, университеттің үгітеуші топтары арқылы, сондай-ақ халық көп жиналатын жерлерде орналастыру арқылы таратылатын, қазақ және орыс тілдеріндегі қабылдау ережелерінің үзінділері жазылған университет мамандықтары туралы ақпараттық буклеттер басылып шығарылады;

2) университеттің мамандықтары жайлы ақпараттар, қазақ және орыс тілдеріндегі университетке қабылдау ережелерінен үзінділер орналасқан ақпараттық тақталар рәсімделеді және ол үнемі жаңартылады;

3) барлық сұрақтар бойынша анықтама беретін университеттің байланыс орталығы жұмыс істейді;

4) жыл бойы Қазақстан ЖОО оқуға түсу мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстары жүргізіледі;

5) тұрақты түрде «7 Сыр» газетінің арнайы басылымы шығады;

6) Мамандық таңдау және Қазақстандық ЖОО оқуға түсу мәселелері бойынша Мақтарал ауданының барлық мектептері мен колледждерінің түлектерімен бекітілген кесте бойынша ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізген университет ПОҚ кәсіби бағдарлау тобы құрылған;

7) «Сырдария» университеті сайтының «Талапкерлер» бөлімінде 2016 жылғы қабылдау ережелері, гранттар және оқу ақысы жайында ақпарат жарияланған;

8) университет мамандықтары мен қабылдау ережелері туралы ақпараттар «7 Сыр», «Мақтарал», «Оңтүстік Қазақстан» газеттері мен «Са-нұр» телеарнасында тұрақты түрде жарияланады.

Кітапхана сайтында университет оқытушылары еңбектерінің картотекасы бар. Статистика бойынша университет РМЭБ белсенді қолданушыларының бірі болып табылады. Жұртшылықты ақпараттандыру үшін мақсатты аудиториялармен: жұмыс берушілермен, салалық кәсіпорындар, құқықтық органдар, банк басшыларымен кездесу өткізіледі, ауылдық, аудандық білім бөлімінің басшылары және мектеп директорларымен көптеген кездесулер өткізілген.

Жұртшылықты ақпараттандырудың барлық түрлері бойынша белсенділікті жариялаулар санымен анықтауға болады: 2013 жылы – 24, 2014 жылы – 25, 2015 жылы – 36.

Жариялау орны мен түрін таңдауға имидждік жариялаулар ықпал етеді, сондықтан жыл

бойы ЖОО қабылдау туралы хабарландыруылар жарияланып және де ол үшін ең халық көп оқитын облыстық және аудандық газеттер таңдалған.

Универсиет сайтының «Талапкерлерге» бөлімінде 2016 жылғы қабылдау ережелері мен мамандықтар тізімі жарияланған. Кәсіби бағдарлау кезеңінде абитуриенттер мен түлектерге, магистранттар мен студенттерге арналған сайттың бөлімдері жаңартылып және үнемі қажетті ақпараттармен толықтырылған.

Білім беру саясаты мен заманауи үрдістер бойынша жариялану белсенділігін арттыру жоспарланған.

Университет сайтында ЖОО жұмысы, қолданыстағы қолдау жүйелері, оқыту нәтижелері мен берілетін кәсіби біліктері көрсетілген білім беру бағдарламасының ерекшелігі жайында толық шынайы ақпарат берілген.

Барлық мүдделі тұлғалардың ректордың қабылдауында болуға мүмкіндігі бар. Проректорлар мен бөлімше бастықтарына сұрақтармен алдын ала жұмыс барысында баруға мүмкіндік бар. Бұдан басқа, кез-келген адам университет сайтындағы блогы арқылы ректорға жеке сұрақ қоюға мүмкіндігі бар. Бұл ректордың қол жетімділігіне және оның ұжым арасындағы кері байланысты дамытуға деген қызығушылығына дәлел болады.

Қажетті жағдайларда білім алушының мәселесі ректордың тапсырмасы бойынша қойылған сұраққа байланысты тиісті құрылымдық бөлімшемен қаралады, шешім оқу процесін реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес қабылдану жолға қойылған.

Мәселенің бірінші түрі бойынша әдетте әрдайым оң шешім шығарылады – тілек білдіруші өз мүмкіндігіне қарай қарызды өтеу кестесін «анықтайды» және рұқсат алады. Төлемдік жеңілдіктер «Сырдария» университетінің білім алушыларына арналған Әлеуметтік қоржынның тармақтарына сәйкес анықталып ұсынылады. Жұмысқа орналасу мәселесі бойынша келген жеке тұлғалар; диплом дубликатын, диплом қосымшасын алу үшін және т.б. барлық келіп түскен өтініштер қаралады және белгіленген талаптарға сай міндетті түрде жазбаша жауап беруі жолға қойылған.

Жыл сайын университет Қазақстанның үздік ЖОО ұлттық рейтингісіне қатысады. Бұл процедура ерікті түрде өткізіледі, нәтижелері ашық ақпарат көздерінде жарияланады. Сыртқы бағалау процедурасының бірі – көрсеткіштері білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда маңызды фактор болып табылады.

Факультетте ақпаратты жинау мен талдау құралы ретінде «Platonus» («Platonus» ААЖ) автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қолданылады. «Platonus» ААЖ құралдары арқылы алынған деректердің бірлестігі ЖОО жедел және стратегиялық басқаруға арналған ақпаратты алу қамтамасыз етілген.

Оқу үдерісін автоматтандыруға арналып қолданылатын жүйелердің көпшілігі оқу үдерісінің белгілі бір бөліктерін автоматтандыруға мүмкіндік береді, мысалы студенттер мен магистранттардың жеке карточкасын сақтау, немесе дипломға үзінді жасақтау, немесе мамандарды есепке алу т.т. Бұл бағытта «Platonus» ААЖ басымдылығы - осы аталған үдерістерді өзара байланыста бірге қамтиды.

Қазіргі таңда «Platonus» ААЖ-де ақпараттық ресурстарды пайдалану құқығы шектелген оқытудың барлық түрі және дайындау деңгейі бойынша білім алушылардың, жеке құқықпен қолданушылар тобына біріктірілген ПОҚ пен жұмыскерлердің толық базасы бар.

Оқу үдерісіне қатысушылардың қатынасы өзара жеке хабарламалар, ескертулар т.б. арқылы құрылады. Жеке хабарламалар жүйесі форматы бойынша электронды поштаға жақындастырылған, тек қана жүйені қолданушыларға арналған. Әрбір қолданушының кіріс және шығыс хабарламасы оның жұмыс бетшесінде көрініп тұрады.

«Platonus» ААЖ-де ақпаратты жасақтау үдерісі әрқайсысы деректерді автоматтандырылған түрде өңдейтін, университет қызметінің әрбір түрлерімен байланысты қатысушылар арқылы орындалатын жеке операциялардан тұрады. Басқару шешімдерін қабылдауда құнды болып табылатын кіріктірілген нәтижеге қол жеткізу жүйе ресурстарының тиімді жұмыс қабілетіне, сондай-ақ аталған үдеріске қатысушылардың деректерін уақытында енгізуге негізделген.

«Platonus» ААЖ-не соңынан есептік ақпаратын жасақтап, анық деректерді уақытында енгізу үшін жауапты тұлғалар белгіленген. «Platonus» ААЖ-дегі ақпараттың анықтығы және оларды енгізу мерзімділігі университеттің келесі нормативтік актілерінде реттелген:

- 1) «Platonus» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде әкімшілік есеп беру формасын жасақтау тәртібі және жауаптылар;
- 2) Білім алушылардың үлгерімін тіркеудің электронды журналын жүргізу бойынша нұсқама;
- 3) жоспарлы жұмыс күнтізбесі (ректор жыл сайын қайта қарап бекітеді).

БББ пәндері, олардың мазмұны әр оқу жылында актуализацияланып факультет мамандығының БББ бағдарламасы бойынша жоспарланатын оқу мазмұны талапқа сай жаңартылып отырады. Мысалы: 5B010600- «Музыкалық білім», 5B010700 - «Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарында жұмыс берушілердің, студенттердің және тұтынушылардың ұсыныстары мен талаптарына сай өзгеріп отырады.

Білім алушы түлектердің маман ретіндегі сапалық деңгейін бағалау мақсатында жұмыс берушілермен сауалнама жүргізіліп, нәтижесі ескеріліп отырылады. БББ оқу мазмұны қоғамның, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің сұраныстарына сәйкестендіріледі.

Студенттер, магистранттардың БББ көрсетілген оқу пәндеріне деген көзқарасын анықтауда «ЖОО студенттерінің БББ және оның қосымша қызмет көрсету орталығына қанағаттануы» бағытында мамандық студенттерімен әр семестрде сауалнама жүргізіліп отырады.

Білім алушылардың БББ-ға қанағаттануы және оның ерекшелігіне бейімделуі әр түрлі жолдармен анықталады. БББ-ны жаңартып, жетілдіруде студенттің ықпалы ерекше. ЖОО түлектері, студенттер баспасөз беттерінде өздерінің БББ-ға деген көзқарастары мен тұжырымдарын публикациялайды және білім беру мазмұнын, оқу пәндерін өз тарапынан тұжырымдайды. Бұл – БББ-ның түйінді мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін бірден-бір үдеріс.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының бакалаврлары тұлғалық дамуына қолдау көрсетумен байланысты біліктілік пен шығармашылық қабілетін қалыптастыруға төмендегідей жағдайлар қарастырылған:

- жетекші ЖОО-мен жүйелі байланыс орнату (білім алушылардың жан-жақты білім алуы, жетекші мамандардың дәрістерін тыңдау, on-line жүйесіндегі сабақтармен байланыс жасау, базалық білімдерді электронды курстарға енгізу т.б.);

- жатақханамен қамтамасыз ету; дәрігерлік қызмет, спорттық сауықтыру кешені, компьютерлік қызмет көрсету орталығы, кітапхана ресурстары, электронды кітапхана, ғаламтор, шығармашылық үйірмелер т.б. қызметтер студенттердің заманауи білім ортасы қалыптасқан.

Отандық және шетелдік ЖОО-ның БББ бағдарламаларына сәйкес студенттер, магистранттардың әлеуметтік, экономикалық, білім беру, салауатты өмір салтын қалыптастыру ортасы заман талабына сай қалыптасқан.

БББ қайта қаралған талаптар, жаңадан енген пәндер баспа беттеріне университет сайтына жарияланып отырады.

«Сырдария» университетінің барлық бағытындағы әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтер <http://www.sirdariya.kz> сайтында беріліп, жаңартылып отырады. Сондай-ақ ЖОО-да болып жататын үдерістер аудандық, облыстық мерзімді басылымдарда жариялануда. Бұл талапкерлердің таңдау мүмкіндіктеріне ықпал ете отырып, студенттік контингентті тұрақты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Оқу орнындағы қоғамдық ақпараттың үздіксіз берілуі жұмыс берушілерге БББ-ны бітірген маманның бойында қалыптасатын негізгі құзыреттіліктерді тануға мүмкіндік береді.

Күшті жақтары:

- қосымша қызмет көрсету орталықтары білім алушылардың талаптары мен қызығушылықтарын қанағаттандырады;
- жұмыс оқу жоспарында белгіленетін элективті пәндер жұмыс берушілер мен білім алушылардың ұсынысымен анықталады;
- СМЖ жүйелі жолға қойылған.

Әлсіз жақтары:

- білім беру бағдарламасының басшылығы бағдарлама құрамында оқытудың инновациялық әдістемесі мен оқытуды жоспарлауды, соның ішінде оқытудың интерактивтік әдістерін, білім алушылардың уәждемесі мен жоғары қызығушылықпен оқыту әдістерін (ойындар, жағдайларды/кейстерді қарастыру,
- мультимедиялық құралдарды қолдану, үйрететін пәндердің болуын көрсетуі тиіс;
- студенттердің шет елде білім алу мүмкіндігі ағылшын тілі деңгейіне байланысты әлсіз.

Қорытынды: «Көпшілікті хабардар ету» стандарты бойынша 9 талап айқындалды, олардың 0 – күшті позицияға ие, 5 – қанағаттанарлық және 1 – жақсартуды көздейді.

Жақсарту шаралары:

- облыстық және республикалық БАҚ-тарда университет жұмысы туралы жарияланымдарды көбейту және университет сайты мамандықтар бойынша жетілдіру шарт.

Стандарт «Жекелеген мамандықтар шеңберіндегі стандарттар»

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының БББ жалпы білім беру пәндерінің модульдері, базалық пәндер модульдері, кәсіптендіру пәндер модульдері БББ базалық пәндер модульдері, кәсіптендіру пәндер модульдері негізінде жүзеге асады.

5B010600-«Музыкалық білім», 5B010700-«Бейнелеу өнері және сызу», 5B012000-«Кәсіптік оқыту», 5B042100-«Дизайн» мамандықтарының БББ келесі талаптарға жауап береді:

